



БҮГІНГІ САНДА
МҮН ТҮРЛИ
БОЛАҒЫДЫҢ
МАՆГІЛІК
ГҮМҮРЫ



**ՕՒԿԵՏԱՆՅՂԱ
ՂՕՏՒԼԳԱՆ
ՂՕՄԱՂՏՅՂ ԸԼԵՏ**



**KISHI ARAL
TOLĠALY
QUSTAR ORALA
BASTADY**

Prezident



БІРҚАТАР ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы «Нарзарбаев Университеті» дербес білім беру мекемесінің президенті Шинго Катсумен кездесті.

Кездесуге Президент Әкімшілігінің Басшысы Ә.Исекешев, Денсаулық сақтау министрі Е.Біртанов, «University Medical Center» корпоративтік қоры басқармасының төрағасы Ж.Жұмалілов қатысты.

Елбасыға «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты бильды Жолдауда айтылған Астанадағы Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық құрылысының тұжырымдамасы ұсынылды.

Денсаулық сақтау министрінің мәліметі бойынша, бұл орталықтың құрылыс жұмыстары биыл басталады. Жана медицина мекемесінде катерлі ісік ауруларына

диагностика жасап, емдеу үшін озық технология, соның ішінде лазерлік, сәулелік, жасушалы-иммунді терапия және өзге де заманауи әдістер қолданылатын болады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысына Жолдаудағы жекелеген бағыттарды іске асыруға қатысты Нарзарбаев Университетінің қазіргі жұмыстары жөнінде баяндалды.

Ш.Катсу Қазақстан Президентіне Инновациялық кластердің жұмыс жоспары мен университеттің ғылыми-зертханалық кешенінің іске қосылуы жөнінде мәлімдеп, Нарзарбаев зияткерлік мектептерін дамытудың бірқатар мәселелерін атап өтті.

Кездесу қорытындысы бойынша Нұрсұлтан Нарзарбаев бірқатар нақты тапсырма берді.

Aktiv

ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖЕТЕКШІ ПАРТИЯ

Облысқа жұмыс сапарымен келген «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев партияның жергілікті активімен кездесті. Оған партияның облыстық филиал төрағасы, облыс әкімі Қырымбек Кошербаев қатысты.

Жиында өңір басшысы Елбасы Жолдауының қазақстандықтардың әлауқатын арттырудағы маңыздылығын, оны жүзеге асырудағы жетекші саяси ұйымның ролін ерекше атап өтті.

«Нұр Отан» партиясы – қоғамның басты қозғаушы күштерінің бірі және Мемлекет басшысының сенімді саяси тірегі. Бүгінде партия Жолдаудан туындаған міндеттердің мән-маңызын халыққа түсіндіру, оны жүзеге асырудың тиімді тетіктерін талқылау, Жолдаудың жүзеге асырылуына жүйелі түрде қоғамдық бақылау жүргізуді қолға алды, – деді облыс әкімі.

Мәні зор, мағынасы терең саяси құжатта көрсетілген бастамалардың орындалуы жетекші ұйымның тұрақты бақылауында болады. Партия төрағасының бірінші орынбасары Жолдауда қоғамда талқыланып жүрген ең өзекті әлеуметтік мәселелер қамтылғанын жеткізді. Оның ішінде халықтың әлауқатын, тұрмыс-жағдайын және баспанға қолжетімділікті арттыру, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығында қордаланған түйткілдерді шешу, тарифтерді шектеу, жолдарды жөндеу, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау сияқты мәселелер көтерілді.

– Президент ұсыныстарын бір реттік емес, жүйелі сипатқа ие деуге толық негіз бар. Мысалы, ең төменгі жалақыны 1,5 есеге көбейту әртүрлі салада жұмыс істейтін 1 миллион 300 мың



қазақстандықтың тұрмыс деңгейіне оң әсерін тигізетіні түсінікті. Игі шараның шапағатын бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін 275 мың қызметкер көреді. Бұл, ең алдымен, білім және медицина қызметкерлеріне қатысты. Сонымен қатар, Жолдауда алдағы бес жылда білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көзден жұмсалатын қаражат көлемін жалпы ішкі өнімнің 10 процентіне дейін жеткізу көзделген. Аталған шаралар халықтың әлеуметтік жағдайын одан

әрі жақсартуға ықпал етері сөзсіз, – деді М.Әшімбаев.

Мәртебелі мейман аймақта жүзеге асырылып жатқан көптеген жобаны, әсіресе, қызалордалықтарға бастапқы төлемсіз баспаналы болуға мүмкіндік беретін өңірлік «Орда» бағдарламасын, цифрлық технологияны қарқынды дамыту бағытындағы шараларды оң бағалады. Облыс тәжірибесін өзге өңірлерге үлгі ретінде ұсынды.

Актив жиынында бірқатар сала

өкілдері Жолдаудағы басым бағыттар жөнінде айтып, оларды жүзеге асыруға ынта білдірді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Қылышбай Бисенов Елбасының білім саласының деңгейін, ұстаздар мәртебесін көтеру туралы бастамасын қолдай келе, жана сападағы адам капиталының негізі – білім мен ғылымда, саналы да өнегелі ұрпақ тәрбиелеуде екенін жеткізді.

2-бет

ШАЛҒАЙДАҒЫ АУЫЛДЫҢ ШАРУАСЫН ТҮЛЕТКЕН ШОЙЫН ЖОЛ

Елбасы бастамасымен салынған «Сексеуіл-Жезказған» теміржолы айдынды Арал өңірінің тіршілігіне жан бітірді. Жана бағыт бойынан бірнеше станса мен бекет бой көтерді. Жоба аясында аудандағы іргелі елді мекен – Сексеуіл торантық стансаға айналып, мұнда жана ғимараттар салынды. Маңдаланы түлеткен теміржол Қарақұм ауылына да көп өзгеріс әкелді. Бұрын малды ауыл саналатын Қарақұмнан жаңа мамандықты игерген жастар шыға бастады. Жаңарған ел тұрмысын көзбен көрмекке Аралға аттандық...

Ержан ҚОЖАС.
Қызылорда-Сексеуіл-Қарақұм-Қызылорда

6-бет



Sapar

БАЙҚОҢЫРДЫ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Газетіміздің өткен санында хабарлағанымыздай, ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин жұмыс сапарымен «Байқоңыр» кешенінде болды.

Жұмыс сапарында Асқар Ұзақбайұлы ғарыштық қызмет жөніндегі «Роскосмос» мемлекеттік корпорациясының Бас директоры Д.О.Рогозинмен кездесті.

Кездесуге облыс әкімі Қ.Көшербаев, ҚР Қорғаныс және әрегеріш өнеркәсібі министрі Б.Атамқұлов, республикалық қаржы, энергетика, білім және ғылым вице-министрлері, құрылыс және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы комитетінің төрағасы және бірқатар орталық мемлекеттік орган жетекшілері қатысты.

Кездесуде «Байқоңыр» кешенін дамытудың мәселелері талқыланып, бұл туралы бильды жылдың 9 қарашасында Петропавл қаласында өткізілетін аймақаралық ынтымақтастық форумында Қазақстан және Ресей мемлекеті басшыларына хабарланатыны айтылды.

Құрылыс алаңында А.Мамин «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша тұрғын үй құрылысының барысымен танысты. Тұрғын үй құрылысын жыл соңында аяқтау жоспарланған, осыған байланысты Асқар Ұзақбайұлы келер жылы да арендалық құрылысты жалғастыруды, тұрғындардың «7-20-25» бағдарламасы бойынша коммерциялық тұрғын үйлер алуына жағдай жасау қажеттігін жеткізді.

№277 орта мектепте болғанда білім сапасын түбегейлі жақсартуды қамтамасыз ету үшін Қазақстан азаматтарының балаларын Қазақстан стандарттары бойынша оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру керектігін атап өтті. Сонымен бірге «Мұғалім мәртебесі туралы» Заң жобасын дайындау барысында мектеп мұғалімдерінің, сондай-ақ Байқоңыр қаласы балабақша тәрбиешілерінің жалақы төлеу жүйесін жетілдіру ерекшеліктерін ескеру қажеттігі сөз болды.

Ал қонақ үй ғимаратымен танысу барысында туризм инфрақұрылымын дамыту үшін инвесторларды тарту аталған қонақ үй базасында жоғары деңгейдегі отельдерді ұйымдастыруға ықпал етеді. ҚР Премьер-министрінің бірінші



Сондай-ақ, «Бәйтерек» жобасының жүзеге асырылу барысы, Байқоңыр қаласын дамытудың бірқатар мәселелері пысықталып, «Гагарин стартын» жетілдірудің бірлескен жобасы бойынша Ресей, Қазақстан және Біріккен Араб Әміраты үш жақты жұмыс тобының есебі тыңдалды.

ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Байқоңыр қаласындағы бірқатар нысанда болды.

нысандарды аралау қорытындысы бойынша «Байқоңыр» кешенін дамыту мәселелері Мемлекет басшысының тұрақты бақылауында тұрғанын атап өтіп, Елбасының әрбір қала өзінің тұрақты экономикалық өсу моделіне сүйене отырып дамуы керек деген тапсырмасы Байқоңыр қаласына да толық қатысты екенін жеткізді.

Ж.ӘБІШЕВ.

Baspasóz – 2019



Газетке жарты жылға жазылу бағасы: Мекемелер үшін – 4000 теңге Жекелер үшін – 3000 теңге

Бір жылға жазылу бағасы: Мекемелер үшін – 8000 теңге Жекелер үшін – 6000 теңге

ЖОЛДАУ ЖӘНЕ ЖЕТЕКШІ ПАРТИЯ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының облыс бойынша филиал директоры Айдын Қайруллаев 2019 жылы мемлекеттік қызмет түрлерінің 80 процентін электронды форматқа көшіру бағытындағы шараларға тоқталды.

Мемлекеттік реестрде 746 түрлі қызмет бар болса, соның 83 процентін біздің корпорация ұсынады. Ал оның 70 проценттен астамын азаматтар үйден шықпай немесе кенседе отырып-ақ электронды форматта пайдалана алады, – деді ол.

Жеке кәсіпкер Айгүл Мұханбетжанова 2018-2020 жылдардың өңірде «Жапай кәсіпкерлікті қолдау жылы» болып жариялануы өзі секілді жаңадан кәсіп бастаған жандар үшін тиімді

екенін тілге тиек етті.

– Жолдасым екеміз ақылдаса отырып, жуырда шұлық шығаратын цех аштық. Алғашында қолымыздан келетініне күмән басым болғаны рас. Алайда, цех орналасатын жерді рәсімдеуге, кадастрлық құнын бөліп төлеуге, сертификат алуға жергілікті кәсіпкерлер палатасы көмектесті. Технологияны Қытайдан алдырдық. Цехта қазір 5 адам жұмыс істейді. Күніне 350-400 жұп шұлық шығарып, халыққа 150 теңгеден сатып жатырмыз. Сұраныс бар, өтімі жақсы, – деді цех құрылтайшысы.

2019 жылдың елімізде «Жастар жылы» болып жариялануы сырбайлық жастар мемлекет қамқорлығының және бір көрінісі деп есептейді. «Жастар жылы» мазмұнды әрі тиімді атап өту мақсатында әрбір

жастың ойын, ұсынысын ескеру міндет. Облыстық «Жас Отан» жастар қанаты осы орайда көп ұзамай «Jas Otan Ord» ресми сайтын іске қоспақ. Онда әрбір жас ұсыныс, пікір, идеясын жолдай алады.

«Open consultation» деген жобаны да жүзеге асыра бастаймыз. Жоба аясында орталық сауда орындарында, базарларда жастарға түрлі сала өкілдері, басылылары кеңес беріп, түрлі деңгейдегі мәслихат депутаттары жастарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды, – деді «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының төрағасы Талғат Тілес.

Жиын қорытындысында партия төрағасының орынбасары Жолдау жүктеген жауапкершілікті жұмысқа жүзеге асыру – әрбір қазақстандықтың міндеті екенін атап өтті.

Мәулен Әшімбаев сонымен қатар, Әбділді Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасындағы коворкинг-орталықтың жұмысымен танысты. Соңғы уақытта жастардың кітапханаға жиі бас сұқпайтыны белгілі жағдай. Сондықтан дәстүрлі кітапхана

1-бет

Саяси кеңес отырысында Президент елдегі жетекші саяси күшке «Бес әлеуметтік бастаманы» іске асырумен қатар, тұрақты қоғамдық бақылау жасауды тапсырған еді. Нұротаңдықтарға «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жаңа Жолдауға қатысты да осындай міндет жүктелген.



Сапар барысында Мәулен Әшімбаев алдымен Сырдария өзенінің сол жағалауындағы құрылыс барысын қадағалап, салынып жатқан қоршауы тұрғын үйлерді көрді. Өңірдегі «7-20-25» бағдарламасының іске асырылуы барысымен танысып, құрылысшылармен, екінші дәрежедегі банк өкілдерімен кездесіп, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезінде туындаған мәселелердің мән-жайын білді.

Облыста халық санының өсуіне байланысты тұрғын үй маңызды мәселелердің қатарында. Қазірдің өзінде 27 мыңнан астам адам үй кезегінде тұр. Бүгінде аталған мәселені шешу үшін 1532 гектар аумаққа жаңа аудан салынады. Аймақта «Орда» тұрғын үй құрылысының «Жол картасы» қолға алынып, алғашқы салымсыз-ақ несеге тұрғын үй сатып алуға жол ашылды.

Кездесуде Мәулен Сағатханұлы жаңа қаладағы үйлердің шаршы метріне қойылған 120 мың теңге республика бойынша ең төменгі баға екеніне тоқталды. Сондай-ақ, «7-20-25» бағдарламасы аясында алғашқы жараның кейбір азаматтар үшін қиындақ тудыратынын атап, жауапты органдар жөнілдіктер ұсынуында тиімді жолын қарастырып жатқанын жеткізді.

Мұнан кейін Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойы аясында сол жағалауда ашылған ең алғашқы ғимарат – «Қызылорда қаласы тарихы» музейі

мен «Рухани жаңғыру» орталығын аралап көрді. Орталықтың жұмысқа ыңғайлы кабинеттері мен мәжіліс залын тамашалап, музей экспозициясымен танысты. Мұнда «Ақмешіт» бекінісінің салынуынан бастап «Алаш» партиясының құрылуы, Қызылорданың астана болуы туралы деректер мен тәуелсіздік жылдарындағы тарихи оқиғаларды айтақтайтын құнды құжаттар сақталған.

Сапар №3 ақпараттық-технологиялар мектеп-лицейінде жалғасты. Мұнда STEM жүйесі бойынша балаларды бағдарламалау мен робот техникасының негіздері бойынша оқыту мақсатында IT сыныптар ашылған.

Биыл облыста 13 IT-сынып ашылса, олардың қатарын 2019 жылы – 20, 2020 жылы – 22 IT-сыныпқа арттыру жоспарланған. Бүгінде аймақта «3 Д – модельдеу», «Цифрлық білім беру зертханасы» кабинеттері, 122 мектепте робототехника кабинеті құрылған.

Мемлекет басшысы Жолдауда жергілікті атқарушы органдарға мектептердегі спорт құрал-жабдықтарын тиімді пайдаланып, ауалар мен саябақтарды денешынықтырумен шұғылданауға ыңғайлы етіп қайта жабдықтауды тапсырды. Аталған мектеп-лицейде демеушілер қолдауымен спорт алаңы жаңартылып, енді бұл жерде оқушылар ғана емес, жасын маңдайға тұрғындар да спортпен айналыса алады.

жұмысын жаңғырту, жастардың пайдасын ақпарат алмасатын орнына айналдыру өте маңызды мәселе. Қазір кітапханада book-кафе, коворкинг, «Шаньрақ» интеллектуалды орталығы, жазушы Қалтай Мұхамеджановтың жеке кітапханасы, ақын Әбділді Тәжібаевтың мұражайы, партиялық жоба аясында 40 маман дайындалып жатқан IT-парк бар.

Бүгінде кітапханада жастар арасындағы сауалнама бойынша, сұранысқа ие 100 кітап іріктелген. Олардың басым көпшілігі кәсіпкерлік саласындағы мотивациялық кітаптар. Ал коворкинг орталықта «Жас Отан» жастар қанатының ұйымдастырумен аптаның әр күнінде жастарға арналған 8 жоба жүзеге асуда.

Еліміз бойынша 4000-нан аса кітапхана бар. Бүгінде 11 кітапхананың ғана жұмысы жаңғыртылып, жаңа деңгейге көшті. Сондықтан аудан, ауылдардағы кітапхана ісін жетілдіруді қолға алу керек. Біз жастар арқылы болшағымыздың қандай екенін бағамдаймыз. Сондықтан тіл үйреніңіздер, жаңа заманға сай білім алуға ұмтылыңыздар. Білімді тек кітаптан алуға болады, білімді болудың одан басқа жолы жоқ, – деді партия Төрағасының бірінші орынбасары жастармен кездесуінде.

мақсаттағы жер телімдері туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ететін «Геоақпараттық онлайн қызмет көрсететін жүйе» өзге өңірлерге үлгі болатын бастама.

Жыныда Сырдария ауданының әкімі Ғ.Қазантаев Жолдау елдің әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне тың серпін бергенін айтты.

Мемлекет басшысы Жолдауда бизнесті өркендетудің маңыздылығын ерекше атап өтіп, қазақстандықтардың басым бөлігін табыспен қамтамасыз етуде оның тиімділігінің зор екенін айтты. Сырдария ауданында да жоспарлы жұмыстар жоғары деңгейде жүзеге асуда. Елбасы айқындап берген бастамалар аударымында сапалы, уақытылы іске асырылатын болады, – деді аудан басшысы.

Кездесуде әр саланың өкілдері Жолдауға қатысты пікірлерін білдірді. Олардың қатарында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Х.Әбенов өз пікірін білдірсе, «Шаған-жер» ЖШС директоры, аудандық мәслихат депутаты Б.Қадіров кәсіпкерлікті дамытудың мүмкіндіктеріне тоқталды. Ал, білім саласының ардагері Ұ.Жаналиева мектепке ата-ана комитетінің керек екенін жеткізсе, жас маман ағылшын тілінің мұғалімі А.Жәкіева ауылдық жерлерде ағылшын тілі курсы күшейту туралы ойларымен бөлісті.

«Сыр бойының» тілшілер тобы.

Tusaýkeser



Кеше Көркемсурет галереясында КСРО және Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Мәдениет қайраткері Аманкелді Кененбаевтың «Сырдария» атты жеке шығармашылық көрмесі мен кітабының тұсаукесері өтті.

А.Кененбаевтың туындылары ТМД елдерінің, Қазақстан қалаларының көркемсурет галереялары мен музейлерінен, Президент Резиденциясынан орын алған. АҚШ, Канада, Португалия, Израиль, Норвегия, Германия, тағы басқа елдер азаматтарының жеке коллекциясында сақтаулы. АҚШ пен Жапониядағы көрмелері талғампаз тамашалаушылардың көңілінен шыққан. Суретшінің сәулет өнеріне қосқан үлесі елеулі. Ол Францияның Ножан Сюр-Мари қаласында тұрған қайраткер Мұстафа Шоқайдың, ақын Әбділді Тәжібаевтың мүсіндерін, Жанқожа батырдың ескерткішін жасаған.

МЫҢ ТҮРЛІ БОЯУДЫҢ МӘҢГІЛІК ҒҰМЫРЫ



Рәсімге облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, суретшінің шығармашылығындағы айрықша белесімен құттықтады.

Сыр топырағы қазақ бейнелеу өнеріне ұлт театрының алғашқы сахна көркемдеушісі, халық шебері Ләтина Қожықовадан бастап, ағайынды Қожахмет және Құлахмет Қожықовтар, Сахи Романов, Салихиддин Айтбаев сынды қайталанбас өрнек қалдырған тұлғаларды сыйлады. Көркемсурет – өнер атаулының ішіндегі өміршеңі, суретші тарихтың бір сәтін ұзақ уақытқа тоқтатқан шебер. Ал Аманкелді Кененбаев – Сыр бойы бейнелеу өнерін биікке көтерген тұлға, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі суретшінің облыстың Құрмет грамотасымен және Қызылорда қаласының 200 жылдығы мерекелік медалімен марапаттады.

Кезінде суретшілердің алғашқы республикалық

көрмесі Сыр жерінен бастау алған. Сол үрдісті жалғастырып, Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойына арналған суретшілер симпозиумы болды. Жыл басында Алматыда Аманкелді Кененбаевтың «Сұлутөбе» атты жеке көрмесі өткен еді. Ал кеше ашылған «Сырдария» деп аталған көрме мен жарық көрген альбом-каталог суретшінің таным дүниесіне бойлауға мүмкіндік береді.

Салтанатта алматылық өнертанушы Ирина Юферова сан түрлі бояуға сыр берген, туған жерінің табиғатын ғажайып туындыға айналдырған суретшінің шығармашылығы туралы айтты.

Одан әрі суретші көрменің ұйымдастырылуы мен кітаптың шығуына қолдау көрсеткен азаматтарға алғыс білдіріп, туындыларын таныстырды.

«СБ» руханият.

«Қалқан – 2018»

Сырдария ауданы, Шаған ауылында «Қалқан-2018» тактикалық оқу-жаттығуы өтті. Маңызды шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, аудан әкімі Ғанибек Қазантаев пен аумақтық қорғаныс және құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.

Молдір ҚАЛЫМБЕТ.

ЖАУЫНГЕР ЖАТТЫҒУДА ШЫҢДАЛАДЫ



өз тағдырынан жоғары қойып, жауынан тайынбаған, алдында басын иемеген, дұшпанына тізерлемеген. Ұлы дала қыраны іспеттес қазықтың кәзіргі ұрпағының да енесі білік, шекарасы берік болуы үшін аянбауға дайынбыз. Бүгінде Жалаңтос баһадүрдің, Жанқожа мен Бұқарбай батырдың ерлігін қайталауға дайын өздеріңіздей азаматтардың барына қуанамыз. Осы шара сіздердің жауынгерлік деңгейлеріңізді көрсетеді, – деді өңір басшысы.

Қақтығыс аймағының картасы алдын ала дайындалыпты. Мұндағы барлық іс-қимыл да арнайы жоспарланған сценарий бойынша жүзеге асты. Зансыз қаруланған топ халық арасында шұшығарып, түпкі ниетін жүзеге асырмаққа асықты. 16 диверсанттан құрылған жасақ шетелдік қылмыстық топтардың қолдауымен екі автокөлікпен күзет бекетінен өтіп, аудан орталығы – Тереңөзек кентіне барды. Алайда, олардың айласы іске аспады. «Барыс-43» сигналымен диверсанттарға қарсы күрес жасағы дер кезінде келіп жетті. Екінші бекет жасағы да негізгі іс-қимылға көшті. Қызылорда қаласынан тікұшақпен келген взвод оқиға орнындағы жұмысшыларды қауіпсіз жерге көшіруге көмектесті. Шабуылға қарсы табысты күресті облыстық ІІБ-нің жаттықтырылған взводы жүргізді. Нәтижесінде қарулы топ қос бүйірден қысылып, қауіпті бөті қайтты. Осылайша, тактикалық жаттығу барысында тегеурінді техника сыналып, сарбаздар содырларға төтеп беруге сақдай сай екендіктерін көрсетті.

Ел Президенті – Бас Қолбасшы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің біртұтастығын, халқымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, өмір сүру және аса маңызды нысандарды күзету мен қорғауда аумақтық қорғаныс құрылымдарының орны ерекше екенін әрдайым айтып келеді. Қай заманда болмасын ата-бабамыз өрт пен отқа оранып, жанын қиса да арын сатпаған. Ел намысын



Суретті түсірген БЕСЖАНОВ.

Partiya төрағасының бірінші орынбасары «Нұр Отанның» еліміздегі жетекші саяси күш ретінде алдағы уақытта Жолдауды жүзеге асыруға басымдық беретінін жеткізді.

Мемлекет басшысының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауы әрбір азаматтың өмір сапасын арттыруға бағытталып отыр.

Жолдаудың талаптарын орындау – баршамыздың міндетіміз. Бұл Жолдау – болашаққа, «Қазақстан 2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болмақ. Президент осы мақсатқа жетуде бүкіл қоғамның бірлігі мен ынтымағы керек екендігін де баса айтты. Бұл істе бекем бірлігіміз бен тату тірлігімізді көрсете аласақ, еліміздің болашағы жарқын, келешегі кемел болары сөзсіз. Partiya Жолдаудың мәні мен маңызын халыққа кеңінен түсіндіріп, жүзеге асырылуына жүйелі түрде қоғамдық бақылау жүргізеді. Қажет болса олқылықтарды жергілікті

атқарушы органдар мен Үкіметтің алдына мәселе етіп қойып, оның әрі қарай сапалы және уақытылы орындалуын талап ету, тиімді жолдарын көрсету, барлық істе табандылық таныту да партияның міндеті болып саналады, – деді Мәулен Әшімбаев.

Partiya төрағасының бірінші орынбасары өз сөзінде Қызылорда облысында Елбасы Жолдауын іске асыруда нәтижелі жұмыс жүргізіліп жатқанына да назар аударды. Атап айтқанда, Қызылорда облысында «Орда» тұрғын үй құрылысының «Жол картасы» қолға алынып, алғашқы салымсыз-ақ несеге тұрғын үй сатып алуға жол ашылды. Осылайша, өңірде Президенттің Жолдауда айтқан баспаға мұқтаж жандарға нақты көмек көрсету туралы тапсырмасы орындалуда.

Елбасының цифрландыру, шағын және орта бизнеске қолдау ісін жүзеге асыруда да облыстың озық тәжірибесін атап өткен жөн. Аймақта құрылған коммерциялық

Президент Жолдауының басым бағыттарының бірі білімді дамыту тезісі туралы болды. Әлем тез өзгеріп келе жатқанын ескеретін болсақ, бір нәрсені анық – қоғам адам капиталын дамытуға бейімделуі тиіс.

Осы орайда білімді дамыту туралы сұрақтарды біз бұрынғы білім министрі, бүгінде Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаевқа қойған болатынбыз. Сұхбат барысында ол «білім экономикасын» дамытуға қатысты өз ойларымен бөлісті.

Tengrinews 09.10.2018 жыл

Қырымбек КӨШЕРБАЕВ:

«УАҚЫТ БІЛІМ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІН ТАЛАП ЕТЕДІ»

– Қырымбек Елеуұлы, бүгінде білім саласын, тіпті жүйесін түбегейлі өзгерту жөнінде көп айтылып жүр, өйткені цифрландырудың дамуы жаңа шарттарды ұсынады. Сіздіңше неден бастау қажет?

– Алда озып отыру дағдысында жұмыс істеу керек. Білім болашақтың экономикасына бейімделгені дұрыс. Яғни, біз кадрларымызды қазіргі күнгі экономикаға емес, болашақта құратын экономикамызға бейімдеп, дайындауға тиіспіз. Алға озу үшін біз тұрақты негізде және ұзақ мерзімді перспективаға жұмыс жүргізуіміз қажет.

Бізге керекті – қажет уақытында, қажетті орында, қажетті дағдыны менгерген адамдардың табыла білуі. Біз кімді қай жылдарға дайындауымызды алдын ала есептеуіміз керек. Және оларды университеттен емес, тіпті мектеп қабырғасынан емес, сонау балабақшадан бастап дайындауымыз қажет.

Меніңше, біздегі мектепке дейінгі дайындық жүйесі толықтай қалыптаспаған. Ал ол білімнің толық құқылы денгейлерінің бірі емес пе? Менің ойымша, балаларды осы денгейде дайындау белгілі бір мамандықтарға бағытталып жүргізілгені дұрыс. Балалар мектепке келгенде бүгінгі таңда қандай технологиялар бар, оларды қандай жаңа мамандықтар күтіп тұрғанын түсініп, оқуын сол бағытта жүргізіп, белгілі бір пәндерге басымдық берілгені жөн.

– Сонда сіз бала балабақшадағы кезінен бастап болашағын анықтау керек деп есептейсіз бе? Ал бірақ мектеп бітіргенше оны таңдауы талай өзгереді емес пе?

– Оған келесіміз. Бірақ біздің міндетіміз – ол мектеп бітіргенше таңдауына қоюна жағдай тудызу.

БІЛЕСІЗ БЕ, БІЗ ҮНЕМІ БАҚЫЛАЙТЫН МӘСЕЛЕНІ БІРІ – ОЛ ТҮЛЕКТЕРДІҢ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ КӨРСЕТКІШІ. СУРАНЫСҚА ИЕ БОЛУ – ОЛ БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ӨЛШЕМІ. ӘЙТСЕ ДЕ, БІР «БІРАҚ» БАР. ИӘ, АДАМНЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕГЕНІ ЖАҚСЫ, АЛДАЙДА ОЛ ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТЫР ЖӘНЕ ӨЗ МАМАНДЫҚ БҒЫНША ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ МЕ, СОҒАН ҚАРАУ КЕРЕК. МОЙЫНДАУ КЕРЕК, БҮГІНДЕ БІЗДЕ БІР ҮЙЛЕСІМДІК БАЙҚАЛАДЫ – АДАМДАРДЫ БІР МАМАНДЫҚТАРҒА ДАЙЫНДАУЫМЫЗ, АЛ ОЛАР БАСҚА САЛАДА СУРАНЫСҚА ИЕ БОЛЫП ЖАТАДЫ. ОТАНДЫҚ САРАПШЫЛАРДЫҢ БЕРГЕН ДЕРЕГІНЕ САЙ БІТІРУШІЛЕРДІҢ 60% ӨЗ МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСПАЙДЫ ЕКЕН. НЕГЕ?

Біріншіден, мен жоғарыда айтып кеткенімдей, мамандық таңдау алдындағы бағыт-бағдар жоқ. Бүгінде жасөспірімдердің көбісі қандай мамандық алғысы келетіні туралы нақты жауап бере алмайды. Міне, сондықтан да бакалавриатты бітіргеннен кейін балалардың көбінде психологиялық дағдарыс басталады: олар ата-аналарының талабымен немесе өзге де жағдайлар себебімен өздерінің қалауынан тыс, басқа жаққа бағыт ұстағанын түсінеді. Сол себепті өзінің мүддесін, өмірлік стратегиясын өзгертпейді.

Кенестік кезеңде мектеп оқушылары түрлі мамандықтар туралы оқу пәндері шеңберінде түсінік алатын. Бірақ одан бері жаңа мамандықтар пайда болды, және олар туралы мектепте ешқандай ақпарат айтылмайды. Меніңше, мамандықтар туралы ақпараттарды



мектепке дейінгі және мектептегі оқу бағдарламаларына қосу қажет. Егер бала мектепті бітірерде мамандық таңдамаса, онда оның өзіне де, ата-анасына да және мемлекетке де проблема туындайды.

Екіншіден, келешекте экономикада қандай мамандықтарға сұраныс туындайтыны туралы жоғары оқу орындары қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіп тұратын мемлекеттік жоспарлау жүйесі істемейді. Жоғары оқу орындары тарапынан еңбек нарығын зерттеуге құлық жоқ, яғни, экономиканың беталысы ескерілмейді. Ал осы үшін бірінші кезекте университет жауапкершілікте болуы керек.

Білімнің тиімділігі деген не? Білімнің тиімділігі көп жағдайда экономиканың тиімділігі. Мамандардың бәсекелестікке қабілетті болуы – ол экономиканың және жалпы еліміздің бәсекеге қабілеттілігі.

Осыдан екі айдай бұрын, Кәсіпкерлердің «Атамекен» Ұлттық палатасы жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына бағалау өткізді. Зерттеулер көптеген қажетті жөк пәндерді оқыту студенттердің уақытын алатынын көрсетті.

Оқу бағдарламалары IT-нарығының сұраныстарына сай келмеуде. Бұл проблема негізінен мемлекеттік жоғары оқу орындарына тән, ол, әрине, профессорлық-оқытушылық құрамның жалақысының төмен болуына және нарықтан мамандарды тартуға мүмкіндіктің жоқтығына байланысты туындап отыр.

Мұнан бөлек, бір оқытушыға оның мамандығына сәйкес келетіні, келмейтіні бар оншақты, тіптен одан да көп пән бекітіліп беріледі. Одан шығар қорытынды, студенттердің білімі де соған сай болып шығады.

Оқу бағдарламаларын өзгерткен жөн, оларды уақыт талабына сәйкестендіру қажет. Яғни, жоғары оқу орындарына икемді және бейімделген оқу бағдарламаларын жасау керек.

– Қырымбек Елеуұлы, сарапшылар бағалауы бойынша Батыс Еуропа елдері ЖІӨ-ні қалыптастыруда адам капиталына – 30%, ал АҚШ 40%, ТМД елдері бар болғаны 15% қана бөледі екен. Осыны түсіндіріп өтесіңіз...

– Расында да бүгінде бірінші кезек-

ке әлеуметтік-экономикалық дамуында сапалылық сипаттамасы шығарылады. Экономиканың өсуі неден болып отырғаны аса маңызды.

ЖІӨ-нің өсуі жоғары технологиялық өндірістер – білім, денсаулық сақтау, ғылым және басқа да интеллектуалдық қызметтер есебінен болуы керек. Нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық жүйенің тиімділігі ұлғаяды, ең бастысы – өмір сүру сапасы артады.

Сондықтан экономикалық өсім мен барлық игіліктердің өсуінің негізі адам, оның білімі мен дағдысы болуы қажет. Бұл – біз үшін негізгі басымдық! Оның дамуына жұмыс істеуіміз қажет!

Біз біліктілігі жоғары мамандарды, яғни жоғары жалақы алатын мамандарды дайындауға бет бұруға тиіспіз.

ЖАСӨСПІРІМ ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛЫ РЕСЕЙ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН ҒЫЛЫМ АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР АРҚАСЫНДА ОҚУҒА ТҮСТІ.

– Сіз қалай ойлайсыз, жоғары білімді түбегейлі реформалау қажет пе? Әлде ескі мектептің негізінде жаңасын құрған дұрыс па?

– Менің ойымша, бұрынғы жүйені үздіксіз жаңғырту қажет сияқты. Жоғары оқу орындары жастарды сол кезеңдегі экономикалық жағдайға сәйкес іріктеліп, оларды төрт жылдан кейін басқа жағдай қалыптасқанда бітіртіп шығартады. Осы уақыт аралығында талап, қажеттілік, міндеттер өзгереді. Демек, біздіңше, жоғары оқу орындары белгілі бір уақыт өткеннен

ГИЯЛАР МЕН ИДЕЯЛАРДЫ ЕНГІЗУГЕ БЕЙІМДЕЛГЕН БАЛАЛАР ТЕХНОПАРКТЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. МЕНІНШЕ, ОСЫ ТӘЖІРИБЕНІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ.

Білім алуға деген кедергілер талантты жастардың қолайлы жағдай іздеп, елден кету үрдісін туғызып отырғанын жасыруға болмайды. Бүгінгі таңда жастар деректер бойынша Ресейде негізінен сол елдің грантымен 75 мың қазақстандық студент білім алуға. Бұған қосымша 130 мың студент грант және ақылы бағдарламалар бойынша алыс шетелдерде оқуда. Олардың бәрі қайтып орала ма? Түйткілді мәселе!

бітірушілердің азғантай бөлігі ғана қолбасшылық, ашықтық, әлеуметтік іс-қимыл белсенділігімен шығатынын көрсетіп отыр. Бұл проблема бізде, Қазақстанда ғана емес, посткеңестік елдердің барлығына ортақ.

– Қызылорда облысы бөлжети білімге қаржыны көп бөледі. Бұл сіздің аймақ үшін проблемалы сала ма?

– СОНҒЫ ЖЫЛДАРЫ БІЛІМ САЛАСЫНДА КӨП ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛҒАНЫНА ЖӘНЕ БІЗ МАҚТАНАРДАЙ ЖАҚСЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ЖЕТКЕНІМІЗГЕ ҚАРАМАСТАН, МҮНДІ АҚАРА, БҮГІН ДЕ ЖЕТКІЛІКТІ, БІРАҚ, САЛА ШЫҒЫНДАРДЫҢ ҰЛҒАЙТА

ОТЫРЫП, БІЗ ТАҒЫ БІР МӘСЕЛЕНІ, ЖАСТАР АРАСЫНДА БІЛІМ ЖЕТКІЛІКСІЗДІГІ, СУРАНЫСҚА ИЕ БОЛМАУЫ, ӨСІРЕСЕ АЗ ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫЛАРДАН ШЫҚҚАНДАРДЫҢ, НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІКСІЗ ЖӘНЕ ДЕНГЕЙІ ТӨМЕН МАМАНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕПІКСІЗ ҚАЛУЫ ЖАСТАР АРАСЫНДА ҚЫЛЫСТЫҒЫН ӨСІРІНЕ ӨКЕП СОҒАТЫНЫН ЕСКЕРТДІК. БҮЛ МАРГИНАЛДЫҚ ПИҒЫЛҒА ДА ЖЕТКІЗЕДІ.

ОСЫНЫ ЕСКЕРЕ КЕЛЕ, ЖЫЛ САЙЫН АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ АЗ ҚАМТЫЛҒАН ЖӘНЕ ҚОҒАМДАЛЫ ОТБАСЫЛАРДАН ШЫҚҚАН ШАМАМЕН 100-ДЕЙ ЖАСТЫ ОБЛЫС ӨКІМІНІҢ ГРАНТЫ БОЙЫНША ЕЛІМІЗДІҢ ЖЕТКІШ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ЖІБЕРУДЕМІЗ. БИҒЫЛҒЫ ЖЫЛЫ ГРАНТТАР САНЫ 2 ЕСЕ ҰЛҒАЙЫП – 100-ДЕН 205-КЕ ЖЕТТІ. СОНЫҢ НӘТИЖЕСİNДЕ БҮГІНГІ ТАҢДА БІЗДЕ ГРАНТ ИЕЛЕРІНІҢ САНЫ 900 АДАМҒА ЖҮЙКТАДЫ. АЛ АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДАН БАСТАП ГРАНТТАРДЫҢ 70 ПАЙЫЗҒА ЖҮБІҒІН ІТ МАМАНДАРЫНА КӨШІРДІК.

Айта кетерлігі, екінші жыл қатарынан қызылордалық мектеп түлектерінің 97%-ке пайызға жуығы жоғары оқу орындары мен арнаулы оқу орындарына түсуде, олардың 57%-і мемлекеттік грант иелері. Бұл өткен жылдан 509-ға артық көрсеткіш. Осындай жетістіктерімізбен біз ерекше мақтана аламыз.

– Аймаққа осыныша IT мамандарының керекі бар ма?

– Ал сіз қараныңыз, қазір уақыт қалай тез өзгереді, айталық, мұрағат ісі мамандығы. Мұнда бұл істі түсінетін мамандар қана емес, технологияны, бүгінгі цифрландыруды білетін мамандар керек.

Немесе, педагогтарды дайындау барысында жай ғана гуманитарлық пәндермен шектелмей, оларды гаджеттермен жұмыс істеуге бейімдеп, материалды жинақтау оны дайындау қабілетін және мамандығына қажетті басқа да құралдарды қолдануды үйрету маңызды.

IT – БҮГІНГІ КҮНІ ИНДУСТРИЯ ҒАНА ЕМЕС, БҮЛ АУЫЛ ШАРАПШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТЖК, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ БҮТІНДЕЙ ГУМАНИТАРЛЫҚ САЛА. БҮЛ БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫ.

Қазіргідей ғаламдық бәсекелестік және жедел өзгерістер заманында адамдардың өзін дамыту арқылы елін өзгерте алатын қабілетіне арқа сүйенген елдің табысқа жетерін ақпайсымыз түсінуіміз керек. Және бұл жаңа күн тәртібінде білім негізгі рөл атқарады. XXI ғасырдың ортасында Қазақстанның әлемдік рейтингте қандай орын алатыны таяу кезеңдегі 7-8 жылда біздің балабақша, мектеп, колледж, университеттерде қандай өзгерістер болатынына байланысты. Бұл қазір біз бен сізге, біздің жұмыстарымызға, біздің іске делен көзқарасымызға байланысты. Айналымда болып жатқандарды жай ғана бақылап, нәтижелікті ағыммен жүре беруге болады. Оған, керісінше, ағысқа қарсы талаптануға болады.

Өңіміздің қорытындысын Ли Куан Ю сөзімен аяқтағым келеді. «Өмір жағдайында өзгерістерге ашық, жаңа шақыруларды қабылдай алатын мәдениеттер ғана өмір сүре алады. Ал бұған кім дайын болмаса, ол ең соңында қалады».

Tengrinews.kz

ЕЛ МҮДДЕСІ ЕСКЕРІЛГЕН ҚҰЖАТ

Бейсенбіде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын насихаттау мақсатында облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы ғылыми-сарапшылық топтың кеңейтілген отырысы өтті.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

Алдымен облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Ләйла Төрешова Жолдаудың алты негізгі

бағытына тоқталды. Халық табысының өсуі, тұрмыс сапасын арттыру, өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру, азамат-

тар сұранысына бейімделген мемлекеттік аппарат, тиімді сыртқы саясат, әрбір қазақстандықтың еліміздегі өзгерістер үдерістеріне атсалысуы деп аталатын негізгі бағыттар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелерін шешуге негізделген.

Жыныда құқықтық сауаттылықтың қоғам дамуындағы ролі мен сот саласын жетілдіруге қатысты Қорқыт ата атындағы КМУ-дың «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі Ләззат Қаржаубаева хабарлама жасады. Жолдауда нақты экономиканы өркендету үшін қаржы секторының

ролін күшейту міндеттелген. Республика аумағында қаржы саласында атқарылған жұмыстар ауқымды, әсіресе әлемдік қаржы құрылымдары қызметтерінің үздік тәжірибелерін басшылыққа алған «Астана» халықаралық қаржы орталығының мүмкіндігі туралы кеңінен сөз қозғалды.

Жолдауда медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру, медициналық құжаттарды қағазсыз, цифрлық нұсқаға көшіру керектігіне де басымдық берілді. Бұл бағытта облыста бірқатар жұмыстар іске асқан.

– Қазір облыста дәрігерлердің еңбек-ақысын жоғарылатуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Биылғы жылдың I шілдесінен бастап облыстық медициналық орталықтың Байқоңыр қалалық фи-

лиалында жұмыс істейтін дәрігерлердің еңбекақы көлемі 30 процентке артты.

Соны бес жылда денсаулық сақтау саласында 54 амбулаториялық нысан жанадан бой көтерді. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 18 дәрігерлік амбулаторияның 12-нің құрылысы басталды. Сондай-ақ, қалалық емхана құрылысы жүргізілуде. Жолдауда айтылғандай, бүгінде медициналық қызметті заманауи зертханалық базамен қамту жоспарланған, аймақта онкологиялық қызметті жетілдіру бағытындағы жұмыс қарқынды. Қазір қаланың сол жағалауында онкологиялық хоспсалы 300 төсек-орындық аурухананың жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп жатыр, – деді денсаулық сақтау

басқармасының «Жастар денсаулық орталығы» КММ директоры Жанар Қалмақова.

Сондай-ақ, білім саласындағы өзгерістер мен бастамалар туралы Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясының мұғалімі, ұлттық «Үздік ұстаз-2017» байқауының жеңімпазы Сәуле Әлденова сөз тарқатты. Ал, облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ-нің бөлім басшысы Саулет Сахиев еліміздің сыртқы саясаты, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияның маңызы, Қазақстанның 2017-2018 жылдары БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшелігін сайлауы мен ұйым жұмысына қосқан үлесін атап өтті.

Келешек кілті – білімде

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында егемен еліміздің тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген табыстарын Қазақстанның халықаралық беделінің артып, аймақтағы геосаяси ролінің күшейгенін атап өтті. Сонымен қатар, соңғы кездері әлемде жүріп жатқан күрделі өзгерістерге байланысты жаһандық сын-қатерлерге төтен берудің кепілі елдің басты байлығы – адамның даму мәселесі екеніне тоқталды.



Бұл маңызды құжатта Елбасы ең алдымен Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға, халық табысының өсуіне, тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған міндеттерге басты назар аударып, оны жүзеге асырудың тетіктерін жан-жақты баяндап, нақты тапсырмалар берді.

Жолдаудағы білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелерінің әрбір қазақстандық отбасы үшін маңыздылығы айрықша. Осыған орай, Үкіметке 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) 10 процентке дейін жеткізу қажеттілігі тапсырылды.

Дүниежүзілік Банктің мәліметі бойынша, ІЖӨ-нің білім саласына бөлінген пайызы жағынан, әлем елдерінің көрсеткіштері төмендейді: Куба-18,7%; Дания-8,7%; Малайзия-8,1%; Швеция-7,7%; Финляндия-6,8%; Россия-3,8% және Қазақстан-3,1%. Елбасының еліміздегі ІЖӨ-нің 10%-ін білім, ғылым және денсаулық саласына бөлу туралы тапсырмасы жаңа технологияларды батыл игеру, роботтандыру мен автоматтандыруда өмірдің барлық дерлік саласына кеңінен ендіруге және адам капиталының сапасын арттыруға жаңа қарқын берері сөзсіз.

Жолдауда мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керектігі баса айтылған. Бұл салада біліктілік талаптарын, оқыту әдісін, тәрбиешілердің және балабақшадағы басқа да қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін қайта қарау қажеттілігі тапсырылды.

Халықаралық зерттеулер адам баласы жан-жақты дамуы үшін оған 3-6 жас аралығында берілген тәрбие мен білімнің аса маңызды екенін айтады. Және зерттеулер осы кезде баланың дамуына құйылған инвестиция тиімді болып саналатынын, 1 доллардың қайтарымы 5 долларға тең екенін көрсетуде. Яғни, 1 млрд доллар жұмсалса, қайтарымы 5 млрд доллар.

Сондықтан, 2010 жылы елімізде Елбасының тікелей тапсырмасымен 2020 жылға қарай 3-6 жас аралығындағы балаларды балабақшамен 100 процент қамтуды көздеген «Балапан» бағдарламасы қолға алынған болатын. Бұл бағдарламаның республикада бірінші болып біздің аймақта 2015 жылы орындалғанын ерекше атап өтуіміз қажет.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында 2012-2018 жылдар аралығында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының 2947 қызметкері біліктіліктерін арттырды. Тыңдаушыларға курс аясында мектепке

дейінгі білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың аспектілері, бала дамуының негізгі индикаторлары және инновациялық технологияларды (М.Монтессори технологиясы, Альтшуллердің ӨТШТ технологиясы, ерте жастан дамытудағы Н.Зайцев және Г.Доманның дамытушы әдістері және т.б.) білім беру процесіне ендіру жайлы ақпараттар беріліп, тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп, шеберлік сыныптары көрсетілді.

Мемлекет басшысы Жолдауда орта білім беру жүйесінде негізгі тәсілдер белгіленгенін, қазір солардың орындалуына баса назар аудару қажет екенін айта келіп, Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі еліміздегі барлық мемлекеттік мектептер үшін бірінші стандарт болуы және білім сапасын бағалау жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілуі тиіс екенін нақты тапсырды.

Елімізде 2016 жылдан бастап орта білім жүйесінде білім мазмұны жаңартылған бағдарламалар бойынша біліктілік арттыру курстары жүргізілуде. 2016-2018 жылдар аралығында Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында 8952 мұғалім осы бағдарламалар бойынша біліктіліктерін арттырып, қазіргі таңда аймақтың білім беру саласында табысты еңбек етуде.

Бұл бағдарламалар көмегімен оқушылар қоғамда өмір сүруге, алған білімдерін өмірде қолдана алуға; идеялар мен көзқарастарды бөлуге; өз бетінше әрекет етіп, шешім қабылдауға; сыни тұрғыдан ойлай алуға; ғылыми-зерттеушілік және жобалау жұмыстарын кешенді бағдарламалар негізінде жүргізе алуға үйренеді және дағдыланады.

Қазіргі таңда «Өрлеу» БАҰО» акционерлік қоғамында, оның барлық филиалдарында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтеріне, инклюзивті білім беруді дамыту бағытында арнайы коррекциялық интернаттық ұйымдар тәрбиешілеріне, педагог-психологтерге, әлеуметтік педагогтерге, робототехниканы дамытуға жаңа білім беру бағдарламалары жасалынып, еліміздің ұстаздары біліктілік арттыру курстарында жаңа мазмұн негізінде жаңа технологияларды игеруде. Сонымен қатар, аралас оқытуға негізделген біліктілікті арттырудың мүлде жаңа бағыттағы Blended learning курстары ұйымдастырылып, педагогтер қанықтықтан біліктілік арттыру курстарынан өтуде.

Бауыржан ЕЛЕУСНОВ,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Қызылорда облысы бойынша
ПҚ БАИ директоры, профессор.

Елбасының Қазақстан халқына әр Жолдауына ел тұрғындары үмітпен қарайтындығы белгілі. Осы уақытқа дейін жарияланған 23 Жолдаудың әрқайсысының орны мен жүгі бөлек. Мемлекет басшысы осы жылдың басында «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын жариялаған болатын. Наурыз айында қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа Үндеуіндегі міндеттер де жүйелі түрде жүзеге асып жатыр. Жаңа міндеттерді атқаруды жүктейтін «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы әрқайсысы бірнеше міндеттерді жүзеге асыруды талап ететін әл-ауқатымыздың алты қадамын көрсетеді.

жүзеге асыру мәселелері талданды.

Үшіншіден, өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру. Өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру бұл қазіргі қоғамның заманауи экономикалық үлгісінің көрінісі. Сондықтан әрбір азамат тұтыну, қарым-қатынас жасау мен



Бесіншіден, тиімді сыртқы саясат. Шыңдағында тиімді сыртқы саясат елдегі реформалар мен өзгерістерді сәтті жүзеге асырудың маңызды шарты болып табылады. Еліміз тәуелсіздік алған күннен бастап үлкен жолдардан өтті. Еліміздің көпекторлары сыртқы саясаты егемендігіміз бен мемлекетімізді нығайтуға, халықаралық қатынастар жүйесіне енуге мүмкіндік берді. Қазақстанның халықаралық қауымдастықтың толыққанды мүшесі болуын қамтамасыз етті. Елбасы еліміздің бейбітсүйгіш бағыты мен осы саладағы нақты айқындалған қағидаттары өзін-өзі толық ақтап отырғанын баяндады. Ресей Федерациясымен қарым-қатынас, Орталық Азия өңіріндегі ықпалдастық, Қытай Халық Республикасы және Америка Құрама Штаттарымен стратегиялық серіктестік, Еуропа Одағымен қарқынды ынтымақтастық сынды мемлекетаралық байланыстарды ерекше атап өтті.

Алтыншыдан, әрбір қазақстандықтың еліміздегі өзгерістер үдерісіне атсалысуы.

ӘЛ-АУҚАТ ӨСУІНІҢ 6 ҚАДАМЫ

Біріншіден, халық табысының өсуі. Тұрғындардың тұрмыс деңгейі халықтың табысы мен шығысын, білімі мен біліктілігінің дәрежесін, тіршілік әрекеттерінің шарттарын және қоршаған ортаның жағдайын танытатын күрделі әлеуметтік-экономикалық категория. Тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыру дамыған қоғамның негізгі мақсаты болып табылады. Халық табысының өсуі қоғамдағы экономикалық өсім мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, тұрғындардың ұзақ, қауіпсіз және әл-ауқатының табысты шарттарын құрады. Ол үшін «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын 2025 жылға дейін ұзарту, монополияға қарсы ведомствоның жұмысын реформалау, «Қолма-қол ақшасы экономикаға» бет бұру, сауда саясатында селсестікті болдырмау, агроөнеркәсіптік кешеннің әлеуетін толық іске асыру, инновациялық және сервистік секторларды дамыту, қаржы секторының ролін күшейту секілді міндеттер қойылды. Демек, халық табысының өсуі осы міндеттерді жүзеге асыру деңгейін арттыру арқылы маңызды болмақ.

Екіншіден, тұрмыс сапасын арттыру. Жолдауда тұрмыс сапасын арттыру үшін білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 процентке дейін жеткізу, мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту, білім сапасын бағалау жүйесін халықаралық стандарттарға негіздеу, «Педагог мәртебесі туралы» заңды қабылдау, медициналық қызмет сапасын арттыру, өңірлік деңгейде бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру секілді міндеттерді

өмір сүрудің жайлылығын жасауға ұмтылады. Қоршаған ортаның жайлылығы ең алдымен тіршілік әрекетінің қауіпсіздігімен байланысты. Мемлекеттік саясат адам өміріне қолайлы және мұқажықтардың орын толықтыруға бағытталған сайын қоғам серпінді түрде дамиды. Көптеген сарапшылар да дұрыс айтады, жайлы орта қалыптастырған сайын біз экономиканы да тиімді басқара аламыз. Бұл үшін Жолдауда айтылғандай, сапалы әрі қолжетімді тұрғын үй, еліміздің аумақтық дамуына жаңа тәсілдер енгізу, құқық қорғау органдарының жұмысына терең және сапалы өзгерістер енгізу, сот жүйесін одан әрі жаңғырту маңызды болып табылады.

Төртіншіден, азаматтар сұранысына бейімделген мемлекеттік аппарат. Мемлекеттік басқару мен саясаттың бюрократиялық үлгісінен бас тарту және мемлекеттік істерді заман талабына сай жаңа парадигмалар бойынша жұмыс жүргізу маңызды болып табылады. Бүгінде қазіргі заманның жаңа құндылықтары мен жаһандық сын-тегеуріндеріне жауап беруге бағытталған тұжырымдамалар ғана азаматтар сұранысына бейімделеді. Сонымен қатар, азаматтар сұранысына бейімделген мемлекеттік аппарат азаматтық қоғамның дамуындағы маңызды қадам болмақ. Сондықтан Елбасы мемлекеттік аппаратты өзгертудің міндеттерін ұсынады: мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін түбегейлі арттыру, әрбір теңгенің қайтарымының мол болуына қол жеткізу, сыбайлас жемқорлықпен белсенді күресті жалғастыру, үкімет пен барлық мемлекеттік органдардың жұмысында формализм мен бюрократияны азайту, реформалардың жүргізілуіне бақылау механизмдерін күшейту.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, елдегі өзгерістер үдерістеріне азаматтардың қатысуы елдің жаһандық сын-тегеуріндерге сай жаңғыруын жетілдіруге септігін тигізеді. Сондықтан Мемлекет басшысы елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың мәні және оның елді өркендету жолындағы маңыздылығын жете түсіну қажеттілігі жөнінде айтады. Реформаларды табысты жүзеге асыру үшін қоғам мүшелерінің ортақ мақсатқа жұмылуын үлкенді. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шаралар платформасын қалыптастыру керектігін айта келе, келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынады. Ауылдық жерлердің әлеуметтік ортасын жаңғыртуға арнайы «Ауыл – ел бесігі» жобасын іске қосу арқылы өңірлердегі еңбекке қатысты идеологиялық ілгерілету маңыздылығын атап өтті. «Сарбаз» балалар-жасөспірімдер бірлестігін құру нәтижесінде мектептерде әскери-патриоттық тәрбиенің ролі күшейетіндігін түсіндірді.

Жолдауда баяндалған әл-ауқат өсуінің алты бағыты табыс пен тұрмыс сапасын арттыру арқылы ел тұрғындарының әл-ауқаты өсіміндегі кепілі болады және осы құжаттың негізгі міндетін көрсетеді. Ұлт көшбасшысы Қазақстанның бағындыратын биіктерінің әлі алда екендігін айта келе, осы жолда халық сенімі рухымызды жігерлендіріп, бойымызға күш-қайрат дарытып, осы сенімді ақтау мұратын белгілейді.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор.

ЖАҢҒЫРУ ҮДЕРІСІНЕ САЙ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тәуелсіздік алған күннен бастап халық пен мемлекетке қызмет етуді бәрінен жоғары қоятын кәсіби мемлекеттік аппаратты құруға баса назар аударып келеді.



Қазіргі таңда жоғары тиімді мемлекеттік қызметті құру елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қажетті шарты және оның өркендеуінің кепілі болып табылады. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 15 наурыздағы мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы №125 қаулысына сәйкес қойылатын талаптардың бірі 3 жыл сайын мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру. Елбасының «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» мақаласында да білімнің салтанат құруына баса назар аударылды. Өз кезегінде білімді тұлға ғана болашаққа сеніммен қарап, шарықтауына өз үлестерін қосатыны айқын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 қыркүйектегі №559 «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының кейбір мәселелері туралы қаулысына сәйкес 2017 жылдың 29 желтоқсанынан бастап, біздің мекеме Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалы болып өзгергендігі белгілі.

Бүгінде филиалда – Елбасының «100 нақты

бағдарламасына қатысты тақырыптар және мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін көтеру тақырыптарында дәрістер жүргізіледі.

Филиалда жаңа штаттық бірліктер тұрақты профессорлық-оқытушылық құрамы берілді. Дәріс жүргізуге әр сала бойынша конкурстық негізде іріктеліп, тәжірибесі мол мамандар шақыртылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы мемлекеттік қызметшінің мансаптық өсуіне жан-жақты жағдай жасауда. Сонымен қатар академияда мемлекеттік қызметшілерге арналған магистратура және докторантура бар. Білімін әрі қарай жетілдіруге ынтыас бар мемлекеттік қызметшілер филиал базасында ағылшын тілін тегін оқып, магистратураға түсуге әзірлене алады. Быыл 10 мемлекеттік қызметшінің арасынан екеуі магистратураға түсті. Алдағы жылы да мемлекеттік қызметшілерді көбірек дайындап, өңірімізде магистранттар санын арттыру жоспарлануда.

Қорыта келе, болашақ мемлекеттік қызметшінің бойынан адалдық, кәсіпқойлық, ашықтық, отансүйгіштік қасиеттер табылу керек. Бүгінгі күні филиалдың білім беру бағдарламалары сапасы жоғары және заманауи жаһандану мен жаңғырту үдерістері талаптарына сай, бәсекеге қабілетті басышылар мен мамандарды дайындауға мүмкіндік береді.

Р. БЫСҚАҚОВА,
ҚР Президенті жанындағы
мемлекеттік басқару академиясының
облыс бойынша
филиалының директоры –
облыстық мәслихат депутаты.

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТ

Елбасы халыққа арнаған жаңа Жолдауында ұлттық әлеуетін арттыру, қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайын көтеру керектігін атап өтті. Жолдауда айтылған «Ауыл – ел бесігі» жобасы арқылы өңірлердегі еңбекке қатысты идеологияны ілгерілетуді қолға алу керектігін айтты.

«Өз жеріңді танып, білі!» жаңа бастамасы аясында еліміздің өңірлері бойынша мектеп туризмімен жаңғырту керектігін тапсырды. Сонымен бірге жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру үшін келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынды. Балалар-жасөспірімдер туризмі білім беру жүйесінде бірдей білім кеңістігін сақтауға мүмкіндік беретін қызмет түрі ретінде ерекше орын алады.



Бахытқұл БЕКМАМБЕТ,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің
директоры.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауынан

III. ӨМІР СҮРУГЕ ЖАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

БІРІНШІ. Сапалы әрі қолжетімді тұрғын үй

01 Өнімдерге жергілікті бюджет есебінен жеңілдетілген ипотека бойынша алғашқы жарнаны ішінара субсидиялау мәселесін пысықтауды тапсырамын

02 Халықтың әлеуметтік тұрғыдан өлсіз топтары үшін ірі қалаларда жалдамалы тұрғын үй құрылысын ұлғайту қажет

03 Бұл шаралар 250 мыңнан астам отбасы үшін тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді

04 Бюджет есебінен салынатын жаппай құрылыс алаңдарына арналған инженерлік инфрақұрылым жүргізуді қоса алғанда, мемлекет бес жыл ішінде 650 мың отбасына немесе 2 миллионнан астам азаматтарымызға қолдау көрсетеді



Жыл басында аймақта жарияланған жаппай кәсіпкерлікті дамыту ұшжылдығының алғашқы белесі қорытындылар уақыт таяп келеді. Бұл саланың тағы бір жаңалығы – Елбасы өз Жолдауында «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы 2025 жылға дейін ұзартылып, жыл сайын 30 млрд теңгеден қаржы бөлінетінін айтты. Осыған орай кәсіпкерліктің кең қанат жаюына серпін беретін кезеңнің өту барысы, Жолдаудағы салық жеңілдігі, жергілікті тауарөндірушілерді қолдау бастамаларының өмірдегі кәсіпкерлерге тігіз әсері туралы бірнеше сауалымызды облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықовқа қойған едік.

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ МЕРЕЙІМІЗДІ ӨСІРДІ



– Ғалымбек Жақсылықұлы, кәсіпкерлікті дамытуға қатысты Жолдаудағы жаңалықтарды әріптестеріңіз қалай қабылдады?

– Біз үшін көптен күткен жаңалық – салық амнистиясының енгізілуі. Енді кәсіпкер салықтың негізгі қаржысын төлесе, айыппұл мен өсімді ұстамайтын болды. Бұл кәсіпкерлер үшін таптырмас қолдау.

Сондай-ақ «Бизнестің жол картасы» бағдарламасының 2025 жылға дейін ұзартылып, жыл сайын 30 млрд теңгеден қаржы бөлінетіні жаңа жұмыс орындарының, кәсіпкерлік нысандарының ашылуына сеп болады. Мемлекет басшысының Жолдауда жергілікті тауарөндірушілерді қолдау, өнім өндіретін кәсіп иелерінің тауарларын кенінен қолдануға шақыруы да біздің кәсіпкерлердің жұмысына жана деп берері сөзсіз.

– Өмірдегі кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы шаралар жұмыссыздар мен өз-өзім өзімсіз жұмыспен қамтыған азаматтарды экономикаға тартуға ықпал етеді. Жыл басында бұл саланы өркендетудің жол картасы әзірленді. Оған барлық қозғалыс 32 млрд теңге қаржы қарастырылды. Жаппай кәсіпкерлікті дамыту ұшжылдығының өту барысына қандай баға берер едіңіз?

– Кәсіпкерлерге қолдау көрсету мақсатында үлгілі бизнес-жоспарлар, нақты алгоритмдер, барлық 264 елді мекенге жауапты лауазымды тұлғалар бекітілді. Мемлекет те жаңадан ашылған және микробизнес субъектілеріне өтеусіз мемлекеттік гранттар беріп, микронесиегер арқылы қаржылай қолдау көрсетуде. «Бизнестің жол картасы» бағдар-

Біз 2010 жылдың өзінде «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын іске қостық. Өңірлерге жұмыс сапарым барысында мұның тиімділігіне көз жеткіздім. Бағдарламаның қолданылу мерзімін 2025 жылға дейін ұзарту керек. Осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін жыл сайын қосымша кемінде 30 миллиард теңге бөлуді қарастыру қажет. Бұл 3 жыл ішінде қосымша кемінде 22 мың жаңа жұмыс орнын ашуға, 224 миллиард теңге салық түсіруге және 3 триллион теңгенің өнімін өндіруге мүмкіндік береді.

«Қазақстандықтардың ал-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Елбасы Жолдауынан.

ламасы шеңберінде жұмыссыздардың, жастардың, ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың жана бизнес-идеяларын іске асыруға жалпы сомасы 200 млн теңге құрайтын 224 мемлекеттік грант бөлінді. Бұған қоса, «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы шеңберінде де жалпы сомасы 97,4 млн теңге құрайтын 405 мемлекеттік грант беру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Өтеусіз грант есебінен жыл соңына дейін 1005 тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

Кәсіпкерлердің алған несиелерінің сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауға 900,2 млн теңге бөлінді. Жыл басынан бері 4,1 млрд теңгені құрайтын 83 жоба мақұлданып, субсидия қарастырылды. Жыл соңына дейін кемінде 10 млрд теңге несие субсидиялау көзделуде.

Кәсіпкерлерге қолдау көрсету тек қаржылай қолдаумен шектеліп қалып жатқан жоқ. Кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлік негіздерін оқыту бойынша «Бастау» және «Бизнес-кеңесші» жобаларын іске асыруда. Бұл жобаларға тұрғындар тарапынан қызығушылық бар. Екі жыл ішінде 5063 адам оқу оқып, өз істерін ашты.

– Кәсіпкерлік палатасының жергілікті тауарөндірушілерді қолдауда атқаратын жұмысының жауапкершілігін Елбасы Жолдауында жүктелген міндет оңдан әрі салмақталдыра түскені сөзсіз. Бұл бағытта осыған дейін атқарылған шаралар жемісін берді ме?

– Сатып алудың жылдық жоспары 100 млн теңгеден асатын ірі құрылыс нысандарына жүйелі түрде талдау жүргізілуде. Жуырда 35 ірі құрылыс объектісіндегі жергілікті өнім үлесін анықтау үшін талдау жүргізілді.

Оларға 16,7 млрд теңгеге (54,5%) отандық тауар өндірушілердің өнімін алуға ұсыныс берілді. Барлығы 9,2 млрд теңгеге 600 келісімшарт жасалды. Тауарөндірушілермен, құры-

лыс мекемелерімен кездесулер өткізіліп, меморандумдар жасалды. Құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындар реестрі жергілікті атқарушы органдарға, жобалау және сараптама ұйымдарына жолданды.

– Қазір қолда тоғыз айдың қорытындысы бар. Сондықтан реми статистикаға да тоқталғанымыз жөн болар. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі туралы не айтасыз?

– Бүгінгі күні облыста 40988 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс жасауда. Өткен жылмен салыстырғанда 11,3%-ке артып отыр. Бұл – республикалық өсімнен 2,7 есе жоғары көрсеткіш. Біздің өңір ақпан айынан бастап жана кәсіпкерлік субъектілерін құру бойынша республикада көш бастап тұр.

Статистикаға жүгінсек, биылғы жылдың бірінші тоқсанында шағын және орта кәсіпкерлік саласында 84250 адам жұмыс жасайды. Өсім бар. Жыл соңына дейін кемінде 90 мың адамға жеткізу жоспарлануда.

– Жер телімін алу үшін өтетін аукциондар туралы ақпаратқа қол жеткізе алмай жүрген кәсіпкерлердің шағымдары бытырланды бері шешімін тапты. Республикада бірінші болып жер телімдеріне арналған аукциондар кәсіпкерлер палатасының алаңында өтетін болды. Биыл мұндай аукциондар жалғасын жатыр ма?

– Бірінші жартыжылдықта өткізілген 5 аукцион бойынша барлығы 300 өтінім қабылданды. 116 жер учаскесі, оның ішінде 103 жер учаскесі уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен, ал 13 жер учаскесі жеке меншікке сатылды. Осы тәжірибені аудан әкімдіктері де енгізуге ниет білдірді.

Әңгімелескен
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».

Әйел – отбасының ұйтқысы, шаңырақтың берекесі ғана емес, шаруашылықтың қай саласында болсын, өзінің лайықты бағасын алып жүрген еңбеккер. Бүгінгі қоғамдағы шаруашылықтың қай-қайсысында болсын әйел қолының таңбасы барына сүйсінесін. Әлбетте, бұл – жаңа заманның тың талаптарының көрінісі. Әйелдердің қабілеті мен қарымы, ой-өрісі мен іскерлігі, еңбекқорлығы қашаннан жоғары бағаланады.

Қай істі болсын ұршықша піріп әкететін әйелдердің тындырымдылығы, тиянақтылығы мен ұқыптылығы өз алдына, жана заманға бейімделгіштігі мен ізденгіштігі де қадірін еселей түскендей. Нәзік жан-дылардың іскерлігі өздері қолға алған істен көрініс табады. Олар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, өркениетті ел болуы жолында еңбек етіп, Қазақстанның өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосып жүр. Өзіміздің ауданымыздан да әртүрлі кәсіп көзін ашып, зор еңбекпен ел ықыласына бөленіп отырған аналар аз емес. Солардың бірі – бүгінде ауданымызға аты кеңінен танылмай «Талапкер» ЖШС директоры, кәсіпкер Раушан Ақышева.

Ол 1982 жылы Алматы қаласындағы жеңіл өнеркәсіп техникумын технолог мамандығы бойынша бітіріп, осы салада технолог, цех меңгерушісі,

инженер қызметіне дейінгі баспалдақтардан өтті. Уақыт өте «Талапкер» серіктестігін құрып, халық сұранысына орай жұмыс жүргізіп келеді.

– Өрине, алғашқы жылдары біршама қиындық болды, бірақ ұжыммен бірлесіп күресе жүріп, мекемені тұрақты бір жолға қойдық. Бейнестіз ештеңе де болмайды. Бірақ бізді осы қиын кезеңдерден алып шыққан «қалайла халыққа қызмет көрсетіп, ел үдесінен шығамыз» деген сенім мен алға қойған үлкен мақсатымыз болды. Қазіргі таңда тігін машиналарының барлығы заманауи үлгімен жабдықталған. Алдағы уақытта кәсіп көлемін кеңейтіп, тағы да тұрмыстық қызмет түрлерін қоспақпыз, – дейді мекеме директоры Р.Ақышева.

Қазіргі күнде «Талапкер» ЖШС-да 10 адам жұмыс істейді. Оның

ішінде тігіншілер, әсіресе осы салада біраз жыл еңбек атқарған тәжірибелі қызметкерлер бар. Мекемеде талаптарға сай етіп жасалған

«ТАЛАПКЕРДІҢ» ТАБЫСЫ

кім үлгісінің барлық түрлерін сәнді етіп тігу, заманауи үлгідегі жалюз түрлерін, тұрмысқа қажетті басқа да өнімдерді дайындау цехтары қазіргі таңда халыққа сапалы қызмет көрсетіп келеді.

Мекемеде 20-25 жылдан бері тігінші болып келе жатқан С.Қарабаева, Г.Досманова және басқа да қызметкерлер сұраныс берушілермен тікелей жұмыс жасап, көңілінен шығатын киімдерді өлшеп-пішу және тігуден айналысады. Киім тігуге құлшыныс танытып, арнайы оқып жүрген жас студенттер тәжірибе жинап, ұлттық құрақ көрпеше, ұлттық

«Өзіңе сене баста!» – өзгелерге үлгі

ЖАЛЫН ЖІГЕРЛІ ЖАҚСЫГҮЛ

Өмірге құштар жан. Басықара ауылының тұрғыны, жеке кәсіпкер Жақсыгүл Жадырасынмен тілдесуден соң осындай ой түйгенмін. Ешкімнің намысына тигізілмейді. Десе де түрлі сылтаумен (тұрақты жұмысым жоқ, тағы басқа) отбасының берекесін қашырып жүрген кейбір азаматтарды көргенде өзегімді өрт шалғандай күй кешесім. Сондайда тағдыр тезіне мойымаған Жақсыгүл сияқты рухы мықты жандардың айналада барын білгенде ортайған көңілің бұлттан шыққан күндей жалдырап сала береді. Тебірене түсіп «жігерің жасымасын, іске сәт!» дегенді іштей қайталайсың.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Жақсыгүл Жадырасын қазакылықтың қаймағы бұзылмаған іргелі ауылдағы қарапайым тірлік кешкен отбасында дүниеге келді. Әкесі мен анасы кезінде оғат механизатор атынып, темір тұлпар тізгіндеген, өз ортасына сыйлы жандар болатын. Олардың бойындағы міндетті шаруасына жауапкершілікпен қарау, қолға алған істі соңына дейін тындыру дағдысын перзенттерінің де өмірлік ұстанымына айналды. Шалғай ауылдың сан қабат, қарбаласқан өмірі баршаға аян. Ал Жақсыгүлдің анасы сал бос уақыты табылса ине мен жіпті жанына серік қылатын. Мата қалдықтарынан неше түрлі колөнер бұйымдарын тігіп, тыным таппашы еді. «Қыз бала анасына үйір» демекші, қолғабыс жасап жүріп Жақсыгүл де осы кәсіпті бала кезінен терең меңгерді. Алайда, жылдар өте колөнер бұйымдарын жасап, несібе ажыратамын деп ойламаған.

Мектептен соң Жақсыгүл аспазы мамандығын меңгерді. Шаңырақ көтеріп, перзент сүйді. Зымырап жылдар өте берді. Бала күннен санасына сіңген тігіншілік өнерін үйде жалғастырды. Жақсыгүлдің епті саусақтарынан шыққан заттар көздің жауын алатын. Уақыт неткен жылдам десенші. Алғашқыда қол маши-

насымен үйінде тігін бұйымдарын дайындады. Ұлттық ою-өрнектерімен нақышталған құрақ көрпелер әзірлеп, туған-туыстары, дос-жаранға қолғабыс берді. Кейін арнайы тапсырыс берушілер көбейді. Отасымен ақылдасқан Жақсыгүл Жадырасын жеке кәсібін ашуды жөн санады. Мұнан тура екі жыл бұрын жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, Басықара ауылынан «Сағыныш» аталатын аралас заттар дүкенін ашты. Дүкен сөрелерін халыққа қажетті заттармен толтырып, бағаның көңілге қонымды болуына күш салды. Еңбегі еш кетпеді. Саудасы жүрді. Мұнан соң өзінің бала кезден бергі арманын іске асырды. «Сая» атауымен қазақтың колөнерін дамыту мақсатында тігін цехын іске қосты. «Даму-Көмеке» жобасы бойынша электрлі тігін машинасын алды. Қазіргі таңда, кәсібі алға басуда.

Биылғы жылдың тамыз айында Қызылордада мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлердің арасында «Өзіне сене баста!» атты облыстық көрме-конкурсы өткізілген еді. Айтулы шара мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлер үшін облыс көлемінде жаппай кәсіпкерлікті дамыту жылының аясында ұйымдастырылғанын атап кеткен жөн. Көрме-конкурсқа 50 адам қатысты.

А.Байсейітов, кәсіпкер: «БІЗДІ ДЕМЕУ ҚАНАТТАНДЫРДЫ»

«Кәсіп бастау үшін қомақты қаржы керек деп тартынамыз. Шын мәнінде олай емес. Қазір идеяңды игілікке айналдыруда, бизнес-жоспар жасап, оны жетілдіруге мемлекет көмекке келеді. Тек алға ұмтылыс, санаға сілкініс керек». Бұл – Сырдария ауданы, Шіркеулі ауылының тұрғыны Айдарбек Байсейітовтің пікірі. Іс бастаушы кәсіпкер биыл мемлекеттік бағдарлама көмегіне жүгініп, 530 мың теңге көлемінде қайтарымсыз несиеге қол жеткізген еді. Қуаныштысы, қолда барын ұқсатса білді. Шағын наубайханасына қажетті құрал-жабдық сатып алып, бизнесін береке көзіне айналдырды.

Мөлір ҚАЛЫМБЕТ.

Кейіпкеріміз ұзақ жыл бойы ауылындағы «Мәди Қажы» шаруа қожалығында механик қызметін атқарған. Денсаулығына байланысты зейнеткерлікке шығуына тура келіпті. Айдарбек аға – II топ мүгедегі. Бірақ, мүмкіндігі шектеулі болса да, қол қусырып отырғысы келмеді. Өз ісін өркендетуі туралы ойына мемлекет ұсынған тиімді мүмкіндік қанат бітіріп, табысты бизнес құруына себепші болды.

– Үйге асығып тұрған кісі келсе, «Ең болмаса, наннан ауыз тиіңіз» дейміз. Бұл – нанның құдіретті ас екендігінің белгісі. «Дастарқанымыздан нан үлмесің» деген ниетпен наубайхана бизнесімен айналысауға бел будым. Ісім оңға басып келеді. Ең бастысы, мемлекеттің демеуіне ризамын. Бізге кәсіпкер атану үшін психологиялық әзірліктен бастап, бизнес-идеяны таңдау, маркетинг ережелерін игеріп кету оңайға түспес еді, – дейді ол.

Той-думан, мереке қарсаңында тұрғындар Айдарбек ағаның шағын наубайханасына ағылады. Иісі аңқыған шоколад пен ваниль, тәбет ашар тәттілер әлеміне соқпау да мүмкін емес. Мұнда ас атасы – наннан бастап, бидайдан өндірілетін өнімдердің сан алуан түрі бар.

– Жұмыс сәтті жүру үшін қажетті құралдардан бөлек, өнімнің сапалы болуы маңызды. Сондықтан біз кондитерлік жаңалықтармен жиі танысып, жана қоспаларды тәжірибеде қолдануға тырысамыз. Алма-тылық кондитерлік компаниялардың кеңесіне де сүйенеміз. Өнімдерді дайындаумен әзірге келінім мен немерелерім айналысады. Сұраныс тек аудан дүкендерінен емес, қала орталығындағы сауда орындарынан да бар. Тұтынушылардың талғамы биік. Әртүрлі мереке қарсаңында алдын ала дайындалып, әйелдер қауымының жұмысын жеңілдетуге даярмыз. Ал-

дағы уақытта жана ғимарат салуды көздеп отырмын. Ауыл тұрғындары жана жұмыс орнымен қамтыма деген ойым бар, – дейді кейіпкеріміз.

Әңгіме барысында Айдарбек ағаның мұнымен тоқтап қалмайтын байқауы. Себебі, оның мемлекеттік бағдарлама көмегімен өнімдерді тасымалдайтын автокөлікке қол жеткізсем деген үміті бар. Аудан орталығындағы мектептерге жана мектепке дейінгі мекемелерді сертификатталған өніммен қамтуға да ынтыла.



Олардың барлығына тұрмыстық тауар сертификаты табыстала, жеңімпаздар сыйақымен марапатталды. Басықара ауылының тұрғыны, II топ мүгедегі Жадырасын Жақсыгүл облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың алғыс хатына қоса 50000 теңгенің тұрмыстық техникалық тауарлар сертификатын иеленді.

Жігерлі Жақсыгүл мұнымен шектеліп қалмады. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламасы бойынша оқу курсынан өтіп, ірі қара өсіруге бел байлады. Осылайша жылқы бордақылауға 2 млн теңге несие қаражатын алып, мал шаруашылығын дамытуда. Соның негізінде бір адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Қазалы ауданы, Басықара ауылы.



дағы уақытта жана ғимарат салуды көздеп отырмын. Ауыл тұрғындары жана жұмыс орнымен қамтыма деген ойым бар, – дейді кейіпкеріміз.

Әңгіме барысында Айдарбек ағаның мұнымен тоқтап қалмайтын байқауы. Себебі, оның мемлекеттік бағдарлама көмегімен өнімдерді тасымалдайтын автокөлікке қол жеткізсем деген үміті бар. Аудан орталығындағы мектептерге жана мектепке дейінгі мекемелерді сертификатталған өніммен қамтуға да ынтыла.



Н.ҚАЗЫБЕКОВ,
журналист,
Жалағаш ауданы.



грек-рим күресінен Қазақстан чемпионы Әділет Ақабай мен еркін күрестен жүлдегер Аяр Кенжеев осы Сексеуілдің тумасы.

– Мектепте 726 бала бар. 6 спорттық топ жұмыс жасайды. Мұның ішінде бокс, казак күресі, еркін және грек-рим күресі, волейбол, тоғызқұмалақ сияқты спорт түрлері енеді. Жалғыз бізде ғана емес, Тоқабай, Шижаға, Жақсықылыш, Қаратерек, Бекбауылда біздің штаттағы арнайы жаттықтырушылар жұмыс жасап отыр. Оқу орнының ашылуына жыл болмаса да біздің шәкірттер облыс, республикада топ жарып жүр, – дейді спорт мектебінің оқу ісі жөніндегі орынбасары Жеттісбай Қорғанбаев.

Ел азаматтарының жастар тәрбиесінде көрсетер бұдан өзге өнегесі көп. Кентте тәрбиелік мәні зор шаралар жиі атқарылады. Біз барған уақытта ауыл ағалары жастардың басын қосып, бейіт маңына тазалық жүргізіп, сыртын қоршап жатыр екен. Дін мен дәстүрді құрмет тұтқан жастар ауыл ортасындағы бос алаңды темірмен қоршап, тал-теректер

ондағы жаңа теміржол станциясы. Әрі «Қарақұм-ай» дегенше, қарағым-ай десеңші» деген бұрынғының сөзі де есте. Тарихты ақтарсақ, Қарақұм өңірінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында әр жерде малшы ауылдар қоныс тепкенге ұқсайды.

соңғы жылдары соны жаңалық келді. Бұл ауылдың үстімен 2014 жылдың 21 тамызында алғашқы пойыз жүрді. Ақтаудағы теңіз порты арқылы батыс өңір мен Азия елдері арасындағы қашықтықты орта есеппен 600



ШАЛҒАЙДАҒЫ АУЫЛДЫҢ ШАРУАСЫН ТҮЛЕТКЕН ШОЙЫН ЖОЛ

САПАР БАСЫ – СЕКСЕУІЛ

Аудан орталығынан шығып, Сексеуілге жол тарттық. Соңғы жылдары көркейе түскен кенттен «Бозой-Бейнеу-Шымкент» мұнай құбыры өтсе, одан әрірек халықаралық «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автокөлік жолы жатыр. Ел экономикасының күретамыры саналатын – теміржол мен вагон жөндеу депосы да осы кенттің басты ажары. Олай дейтіміз, тұрғындардың 70 проценті осы салада жұмыс істейді. Түгін саны 2200-ден асып жығылатын тіректі елді мекенді

Соның ішінде 10-ы оқуын бітіріп, 3 адам өз жобасын қорғап, несие алған.

Кенттегі кәсіпкерлік саласында азаматтардан бөлек, жас аналар да, мүмкіндігі шектеулі тұрғындар да бар. Мысалы, 3-ші топ мүгедегі Елубай Төрмұратов 1 жарым миллион тенге грант жеңіп алып, оған жаттығу залын ашып отыр. Кенттегілердің жұмыстан тыс уақытын тиімді өткізу мақсатында ашылған кешенде оқушылардан бөлек, теміржолшылар да жаттығады.

Кентте кәсіпкерлік тізгінін ұстаған жас аналардың бірі – Гүлзия Сақтағанова. Біз айттып өткен «Нәтижелі

қасиеті мол шұбаты мен шудасы ел арасында сұранысқа кенінен ие түйе шаруашылығын дамытуда алда тұр.

ШЫНЫҒАМ ДЕСЕҢ...

Кентте №20 аудандық балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебі бар. 2018 жылдың 8 маусымында облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен салтанатты түрде ашылып, пайдалануға берілген бұл мектепте болашақ чемпиондар жаттығып жүр. Чемпион демекші, Сыр аймағының намысын қорғап жүрген талантты ұлдар,



отырғызып, саябаққа айналдырған. Кенттегі жастар көшбасшысы Ақтөле Есеев өз қатарластарының уақытын тиімді өткізуге бар жағдай жасалғанын айтады. Қарты бірлікке шақырып, еңбекке жұмылған бұл елдің ендігі базасына – жолдың тегістелуі мен ғасырға жуық тарихы бар ескі ғимаратта орналасқан 25 орындық ауылдық аурухананы жаңарту. Шойын жол жиегіндегі орналасқан шаруасы жайлы елдің тілегін қойын дәптерге түртіп қайттық. Алда Қарақұм сапары.

ҚАРАҚҰМ-АЙ, ҚАРАҒЫМ-АЙ!

Таң біліне сала Жақсықылыш пен Тоқабайдың үсті асып, Қарақұмға табан тіредік. Негізгі бағыт – Қарақұмның орталығы Абай ауылы,

Малдан өзгені кәсіп қылу бұл жердің табиғатына келмейтіні де белгілі. Кезінде мыңғыртып мал айдаған миллионер ауылдың тірлігі бүгінде де мығым. Оған себеп те жоқ емес. Токсанның жылдары басқа ел үлде көшіп жатқанда, бүгін қалып сақтап қалған бірден-бір ауыл осы. 1957 жылдан бері қарай «Қарақұм» совхозы болып, мал шаруашылығы өркендеген мұндағы қалың жұрттың қабағы жалдыраңқы. Орталықтан жүз шақырым шалғайда орналаса да теміржол келгелі түгін саны көбейе түскен. Орталығы Абай ауылы деп аталатын Қарақұм округінің аймағына Ерімбетжаға мен Көкшаа елді мекендері кіреді. 15 мыңға жуық ұсақ малы, 13 мыңнан асатын ірі қарасы бар. Ауыл бизнесінің тізгінін ұстағандардың дені осы шаруашылықтың айналасында. Мұнда да басым көпшілігі ірі қара өсіруді мықтап қолға алғанға ұқсайды. Былтыр да, биыл да ауылдағы көптеген азамат кәсіпкерлік негізде оқуға ықылас танытып, өтіншітері қабылданған. Мысалы, өткен жылы ауыл тұрғыны Нұркен Мамитанов «Қызылорда өңірлік инвестиция орталығы» арқылы жылқы өсіруге 6 миллион тенге несие алып, 22 бас жылқы сатып алған. Бүгінде кәсіпкер жеке қаражатына 100 басқа арналған бордақылау алаңын салған. Үш адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырған кәсіп иесі алдағы уақытта жерлестеріне тойхана да салып бермек.

Ауыл азаматымен ажарлы екенін ескерсек, Қарақұмнан шыққан ұл мен қыздың туған ауылын түлетудегі еңбегін айтпай кетпесек болмас. Тағат Назаров, Әділхан Жұқашов, Нұрлан Мұсаев, Жаңабай Балкенбаев, Берік Жандәулетов сынды азаматтар өз ауылының тұрақты қолдаушысына айналған. Мұндай игі істердің басында қарақұмдық Абай Қазбектің есімі ерекшеленіп көрінеді. Ол туған ауылына өз қаражатына мешіт салып берген. «Өтеп ишан» атындағы Алланың үйі ауылдағы айшықты орынның бірі болып тұр. Мұнан өзге мектеп пен балабақша, жаңа емхана, интернат пен почта үйі тұрғындарға тұрақты қызмет көрсетіп келеді.

ҚОСҚӨЛ МЕН СЕКСЕУІЛДІҢ АРАСЫ

Басты тіршілігі мал шаруашылығы болған қарақұмдықтардың өміріне

шақырымға қысқарту және шет елдермен транзиттік жүк көлігін арттыру мақсатында салынған «Бейнеу-Сексеуіл-Жезқазған» шойын жолы ауыл өміріне серпіліс әкелді. Елдің батыс өңірлеріне жүктердің тікелей тасымалын құруды көздейтін жаңа теміржолмен кұнара 1 жол алаушылар пойызы мен 10-15 жүк пойызы тұрақты қатынауда.

– Абай станциясының қарақұмдықтар үшін манызы ерекше. Жастарға жұмыс орындары табылды. Бір ғана Сексеуіл мен Қоскөлдің арасындағы бекеттерде 500-ге жуық қызметкер бар. Ал біздің станция бөлімінің өзінде сексеннен аса теміржолшы болса, оның 40-тан астамы Қарақұмның азаматтары. Жұмысшылардың басым көпшілігі жастар, – дейді станция бастығы Нұрлан Шүренов.

Қарақұмда қазір 80-ге жуық отбасы напақасын теміржолдан тауып жүр. Биылдың өзінде негізгі және орта мектепті бітіруші түлектердің біразы осы салаға қызығушылық танытқан. Нұрболат Төрежанов, Гүлзия Досқожаева сияқты жас мамандар экономика құретамыры саналатын теміржолдың туған жердің үстімен өтуін зор қуанышқа балайтынын жеткізді.

– Азық-түлікті қысты күні аудан орталығынан таситын біздің ауыл тұрғындары бұл күндері пойызбен тұрақты қатынайды. Бұл әсіресе, қыстағы жол қатынасы қиындау уақытта тиімді. Қыстық отын – көмірді де тікелей Жезқазғаннан келетін жүк пойызы арқылы аламыз. Бұрынғыдай аудан орталығынан тасымалымыз. Жастарға тұрақты жұмыс көзі табылды, – дейді байлауы механигі Гүлзия Досқожаева.



Жиырмадан енді асқан теміржолшы қыздың сөзінің жаны бар. Теміржол келгелі тіршілік те өзгерген. Алдағы екі жылда жұмысшыларға қызметтік үйі, Абай станциясына сервистік орталық, почта қызметі, халыққа қасалық қызмет көрсету орталығы ашылмақ.

ҚАРАҚҰМҒА КЛУБ КЕРЕК

Ауылдағылармен әңгіме үстінде Қарақұмға клубтың керегі де айтылып қалды. Елді мекендегі мәдениет ошағы 80-ші жылдардың ортасында көкөніс сактайтын қойма болып ашылып, кейіннен жазғы клубқа айналдырылып. Бертін келе төбесі жабылып, жан-жағы бітелгенмен мәдениет ошағының жағдайы аса мәз емес екені байқалады. Ауылдағылар түрлі шараларды әлі күнге апатты деп танылған осы клубқа өткізіп жүр. Жаңа кәсіпті игеріп, теміржол саласының қырсырын менгерге бастаған ауыл жастары бұл тілегіміз де көп ұзамай ескерілер деген сенімде.



аралап жүріп, көз жеткізгеніміз, Аралдың әлеуметтік-экономикалық дамуында мұндағы бюджеттік мекемелерден бөлек, теміржол мен жеке кәсіпкерлердің салмағы орасан екенін байқадық.

МҮНДА «МЕГА» БАР

Расымен, кей аудан орталығынан табыла бермейтін мұндай сауда орталығын Сексеуілден көрдік. Жергілікті кәсіпкер Мейрамбек Таласов орталықты осы жылы халық игілігіне пайдалануға берген. Нысанның ашылуына өз қаражатынан 150 миллион тенге жұмсаған. Ғимараттың екі жақ бетінде сауда дүкендері бар. Ал екінші қабатында түрлі тұрмыстық зат сататын 44 сауда нүктесі, бірінші қабатында балаларға арналған ойын-сауық алаңы орналасқан. Бүлдіршінін ерткен мұндағы ата-аналар арнайы мерекелерде, аптаның демалыс күндері осында табылып жатады. Кенттің кәсіпкерлік ісі жөніндегі маманы Гүлназ Жүсіпованың айтуынша, «Нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында «Бизнес-кеңесші» курсы 11 азамат оқып бітірсе, оның бесеуі өз жобасын қорғап шыққан. Бір азамат 1 миллион 500 мың тенге грант ұтып алған. Биыл 14 тұрғын «Бастау-Бизнес» курсына оқуға ниет білдірген.

жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында «Бизнес-кеңесші» курсы бітіріп, жобасы жақсы бағаланған. Қазір 24 жастағы жас кәсіпкер 1 жарым миллион тенге қайтарымсыз несиеге кілем жуу орталығына қажетті құрал-жабдықтарын алуда. Бұрын бұл қызметті аудан орталығынан ғана көретін сексеуілдіктер жергілікті жерде мұндай нысанның ашылуын қуана құптап отыр. Жалпы айтқанда, кенттегі кәсіпкерлер саны жыл басында 395 болса, қазір 421-ге жетті. Осы жылы кәсіпкерлер арқылы 5 нысан ашылып, жергілікті 21 тұрғын жұмыспен қамтылған.

ОЙСЫЛҚАРАНЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК

Аралдың қыр жақтағы ауылдарынан Ойсылқараның тұқымын жиі көресіз. Мұндағы жұрт үшін түйе мал шаруашылығында маңызды рөл атқарады. Кент әкімі Сәкен Мырзағазиевтің мәліметінде жылқы мен мүйізді ірі қарадан гөрі өркешті жануардың саны көп екенін байқадық. Сексеуілдің өзінде, жылқы мен сиыр 2000-ға жуық болса, түйе саны 3 жарым мыңға жеткен. 4000-ға жуық уақ мал бар. «Арал Ырысы» бағдарламасы арқылы кәсіпкер Нұрдәулет Текебаев 107 түйе, 32 бас жылқы, 14 сиыр алуға 43 миллион тенге алған. Сексеуіл кәсіпкерлері етінен бөлек, емдік



ЖАЛАҒАШ ЖЕРІ — ЖЫР КЕНІ



Кеше А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай Жалағаш ауданының өнер күндері өтті.

Газиза ӘБІЛДІ.

Мерекелік шараға Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген «Нұр Отан» партиясы Торағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев, облыс

әкімі Қырымбек Қоңғарбаев қатысты.

Аймақ тарихында Жалағаш ауданы алтын астық өндірумен абыройы аспандаған мекен. Айталық, аймақта Сыр маржаны өндіруде аудан дикандарының еңбегі ерен.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің туған жері киелі өңірден де кенде емес.

«Жалағаш — жырдың мекені» атты концертте «Алтын-арай» халық ән-би ансамблінің

көркемөнерпаздары даласынан дән иісі аңқыған, ырысы артып, берекесі шалқыған Жалағаш жұртының керемет көңіл-күйін әсем ән-күймен жеткізді. Қазақтың күй өнерін насихаттап жүрген жас өнерпаздар Жасұлан Қоңғарбаев, Руслан Бұрабай, сондай-ақ термешілер Айбек Есжанов, Көркем Сәндібек, Думан Ахметовтың өнеріне көпшілік қошеметпен қол соқты. Сондай-ақ, концертте «Ару аналар» ансамблі, «Жігер» этно тобы, «Самғау» квартеті, талантты өңшілер Қуантқан Мысатаев, Жасұлан Жарменов, Әйгерім Ысқақова қазақ эстрадасының танымал әндерін тамылжыта орындады. Өнер көшнінің шымдығы ақын әрі сазгер Елена Әбдіхалықованың «Қазақстан» әнімен жабылды.

Өнер мерекесіне жиналған қала тұрғындарын көшпелі көрмеге қойылған Жент қаласынан табылған жәдігерлер, Келте тонды Келмебет батырдың ас ішкен ағаш табағы, Бұқарбай батырдың шапшақты туы мен мөрі, батырларымыз беліне асыған бес қарудың түрлері, сол дәуірде халықтың қолданысында болған тұрмыстық бұйымдар, сондай-ақ, К.Баталов, Б.Тұрабаев, Қ.Бегісалиев, М.Дүйсенбаев, С.Шахмұратов секілді жергілікті суретшілердің туындылары ерекше қызықтырды.

Табіғат терезесі



Қызылордада құстар әлемін зерттейтін ғалымдар санаулы. Солардың қатарына күні кеше Нұрғұл Сиханова қосылды.

Ол төрт жыл Татарстандағы Қазан федералды университетінің аспирантурасында оқыды. К.А.Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университет – Мәскеу ауыл шаруашылығы академиясы диссертациялық кеңесінің шешімімен биология ғылымдарының кандидаты атанды.

Төрт жылда тек теория қумай, Қаратерен ауылындағы (Арал ауданы) Кәрітұма көліне жиі барып тұрды. Сондағы құстардың саны, түрі, тегі, ортасы сияқты жағдайларды бақылауда ұстады. Диссертациялық жұмысын «Сырдария өзені атырауындағы көлдер жүйесінің қалпына келу аймағындағы орнитологтардың қалыптасуы» деген тақырыпта сәтті қорғады.

жатқан Қазақстан мен Өзбекстанға ғана емес, бүкіл Орталық Азияға ортақ мәселе. Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Аралды сақтап қалу жобасының сәтті жүзеге асырылуы Кіші Аралдың деңгейін біршама көтеріп, теңізді аудан орталығына жақындата түсті. Теңіздің тартылуымен бірге кезінде қайтып кеткен құстар орала бастады. Осыны айтқанды да диссертациялық кеңес мүшелері «Арал әлі бар ма?» деген кейіптен таңырқай қараған.

– Төрт жыл бойы тек теориямен шектелмеген шығарсыз?
– Бұл кезең мен үшін ізденіске толы болды. Оның алғашқы жылында ғалымдардың еңбектерімен танысып, архив ақтардым. Диссертациялық жұмыс тақырыбы Арал өңіріне байланысты болғандықтан, кейін жиі экспедицияға шығып тұрдым. Санап көрсем, 2014-2017 жылдар аралығында осындай 13 экспедиция ұйымдастырылған екен. Материалдарды жинақтап, статистикалық есептеу жүргіздім. Оның қорытындысы ғылыми мақалаларыма арқау болды.

– Экспедиция дегенде, Қаратеренге барып тұрдыңыз ғой?
– Иә, Кәрітұма көлі осы ауылда орналасқан. – Жалғыз өзіңіз бе?
– Жолдасым екеуміз. Ол да – ғылым жолындағы азамат, Арал тақырыбына қатты қызығады. Маған көп көмегі тиді.

– Қаратерен сапарынан не түйдіңіз?
– Бұл өзі – Аралдың территориясында болғанымен, Қазалыға жақын орналасқан ауыл. Екі ортаны көлікпен төрт сағатта жүріп өтесің. Бірақ жол жоқ. Мен зерттеген Кәрітұма көлінде 2014-2017 жылдар аралығында құс атуалының 70-ке жуық түрі тіркелді. Оның басым көпшілігі

тән мекендеу ортасы болады. Кәрітұма көлінде шартты 7 бақылау нүктесі бар. Таң атқаннан ымырт үйірілгенге дейін осы нүктелерде зерттеу жүргізіледі.

– Нұрғұл, «Қызыл кітап» құстарының қайсысы Кәрітұманы мекендейді екен?
– Құстардың ондай түрінен тек 5-ін көзім шалды. Олар – қарақұс, тарғақ, сұр тырна, қарабай және алақоз қара ала үйрек. Өте сирек кездесетін сұр тырнаның 7-і көл үстінен ұшып өткенде дереу объективке алып үлгердім. Бір мезетте 25-30 шақты қарабайды байқап қалып, мұны жақсылыққа жорыдым. «Қызыл кітаптың» құстарынан бөлек, қасқалдақтар топтаса ұшып бара жатты, көл шағын болса да айдынында 6-7 аққу жүзіп жүрді. Өгізшағала деген құс бар ғой, орысшасы – хохотунья, солар сап түзеу әлемі болып ұшқанымен, басқа құстардың жұмыртқаларын жарып, балапандарын жеп кетеді екен.

– Экспедиция кезінде қызықты оқиғалар туралы айтып берсеңіз...
– Айта берсе, қызық көп. Жолдасым екеуміз Қаратеренге ең бірінші барған кезде Анар деген мұғалімнің үйіне түстік. Ол кісіні анамыз біркөкі рет көргені болмаса, жақын таныстығы жоқ екен. Соған қарамастан, бізді жылы қабақпен қарсы алып, қаншама күн қонақ етті. 2015 жылы Алматы халықаралық орнитологиялық конференция өтті. Оған ғылыми жетекшім, биология ғылымдарының докторы Ильгизар Рахимов қатысты. Елге келіп тұрған соң ағайымды қорда-қоймай Қаратеренге апардық. Ол кезде де Анар апаның үйінде болдық. Бұрыннан араласурағалымыздық жоқ екенін естіген жетекшім үй інесінің қонақжайлылығына, кеңпейілділігіне қатты таңданды. Арал сапары аяқталған соң

КІШІ АРАЛ ТОЛҒАЛЫ ҚҰСТАР ОРАЛА БАСТАДЫ



– Нұрғұл, Қызылордада қандай орнитологтар бар?
– Сыр өңірінің табиғатын биолог Оразбай Қосанов, «Барсакемел» қорығының орнитологтарының қорығын ғылыми қызметкері Берік Қуандықов ағалар зерттеп жүр. Бірақ құстар дүниесін жануарлардан бөліп-жарып қарастыратындар жоқтың қасы. Ондай ғалымдар Алматы жақта жиі кездеседі. Мысалы, Анатолий және Виктория Кошарь – әкесі мен қызы – орнитология саласының жілігін шағып, майын ішкен мамандар.

– Биология сан салалы ғой, неге дәл осы орнитологияға қызықтыңыз?
– Бізде тек құстар әлемін зерттеумен айналысатындар, жана айтқанды, некен-саяқ. Сол оқылғытың орнын толтырғын келді. Диссертация тақырыбын таңдау кезінде Таратеренді атылым алуымызға мүмкіндік жасаған Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры Қылышбай Алдабергелді «Қазақстанға қатысы, пайдасы болсын» деді. Ал Арал – теңіз жалпап

сулы-батпақты жерлерді мекендейді. Соңғы зерттеу нәтижесіне қарағанда, Сырдария өзенінің атырауы мен Кіші Арал теңізінде 250 таксон кездеседі. Бір ғасыр бұрын Николай Зарудный «Арал теңізінің құстары» атты ғылыми еңбегінде теңіздің шығыс жағалауы мен аралдарында, Сырдария атырауында авифаунамын 338 түрін сипаттаған. Орнитологтардың есебіне, дүние жүзінде 8 500-ден астам құс тіркелсе, соның 500-ге жуығы Қазақстан аумағында ұшырасады.

– Құстарды зерттеудің ерекшелігі не?
– Құстарды бақылаудың өзі қызық. Мылтық асынан анышы, қалтқы аңдыған балықшы сияқты екі көзін, бүкіл назарын құста ғана болады. Айырмашылығы, біздің қару – дүрбі мен фотоаппарат. Күннің ыстығында да, суығында да бақылауды тоқтатпайсың. Құстардың басымы бөлігі таң алакеуімде және кешке күн ұясына батар сәтте көреткенді. Түске дейін айналаны барлап, су құстары жүзіп сүреуінде, құрықтағы торғай тәрзілдері бұтаққа қонақтап, күйкілжықта әндетеді. Талтүсте көбі демалады. Тірішілік ырғағына сәйкес әр түрдің өзине

тездетіп Қызылордаға қайту керек болды. Орта жолға келгенде көліміз бұзылып қалмасы бар ма, енді қайттік?! Ұшақ уақыты – кешкі сағат 7. Өуежайға жетуі ұяйымдап тұрғанда жолды бір көлік тоқтап, жүрізушісі бізді танымайтынына қарамастан, артық аккумуляторлар беріп, «сұ» деді. Мұны көрген ресейлік ғалым ан-тан «Сонда қалай, тегін бере салды ма?» деп қоялы ол. Ауыл аламының аккредитілігіне, дәлалды келдігіне қалада тұратын менің де ішім жылып қалды.

– Нұрғұл, ендігі мақсат қандай?
– «Ғылым кандидаты» дипломының қолға тигенін күтіп жүрмін. Осыдан кейін де ғылым жолындағы ізденісімді тоқтатпаймын. Қызылорда қаласының облысының, ірілі-ұсақты колледжін орнитологтарымен зерттесем деймін.

– Мақсатыңызға жетіңіз!
– Әлі жетпейміз.

Әңгімелескен Назерке САННІЗОВА, «Сыр бойы».

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Bastama



Сыр сахнасында – балалар мюзиклі

Мюзикл – сан алуан өнердің бір сахнада тоғысуы. Мұнда сикырлы сөз өнері, опера, балет, акробатика бар. Жинақтап айтқанда, сан түрлі шығармашылық синтезі. Сондықтан бұл жанрға тәуекел ету де оңай емес. Батыста қанат жайған бұл жанрдың елге келгені де көп бола қойған жоқ. Қызылордада алғаш рет осындай ерекше жанрда «Ля-ля-фа» балалар мюзиклі студиясы шымылдығын ашпақ.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Студия Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының «Рухани қазына» кіші бағдарламасы негізінде облыстық филармония жанынан ашылды. Жоба авторы – филармония директорының орынбасары Әзиза Іздікұлова. Ал қойылымның жарыққа шығуына «Рухани жаңғыру» бағдарламасын басқару жөніндегі жобалық кеңсе қаржылай қолдау көрсеткен. Кішікентай көрермендерге арналған алғашқы мюзиклдің атауы – «Таусылмасын ертегім». Режиссері – ҚР Мәдениет қайраткері Онталап Нұрмаханов.

Мюзикл – әртүрлі оқиғалар кездесіп келетін кәдімгі өмір. Мұнда сырлы сөз де, ән де, қазіргі заманғы ұжымдық би де, балет, акробатика, фокус сынды сахнаның ең сәнді көріністерін табуға болады. Ерекшелігі, драма, комедия, трагедия мәтіндік сөз көптеу болса, мұнда баянда аз, шығармадағы ойлар көбіне ән мен би арқылы жеткізіледі, – дейді режиссер.

Жанрға сай шығарма жазуға

жерлесіміз, қаламгер Тілеген Бекарыстанов тәуекел еткен. Идея авторы Әзиза Іздікұлова сценаристке балалардың ұғынуына да, жаттауға да оңай кара сөзді ұйқаспен жазуды ұсынады. Ал мюзиклдің тартымды, ерекше болуының сыры – музыкасында. «Таусылмасын ертегім» үшін 10 авторлық ән жазылып, арнайы саундтрек дайындалған. Қойылым композиторы – Мұратжан Шомбалов.

Ал балаларға арналған мюзиклдің негізгі әртістері – балалардың өзі. Кішікентай көрермендер бір-бірін тез ұғысады, оңай түсінесі. Сондықтан бұл туындыдағы 54 кейіпкердің 41-ін балалар сомдайды. Осы кезге дейін бірқатар балалар шарасында өнер көрсеткен «Әлем» балалар музыкалық студиясының артистері де рөл ойнайды. Ал басты рөлдерде – Сәзім Шығармашылық қолдау көрсеткен өнер ұжымына алғыс білдіреміз, – дейді Әзиза Іздікұлова.

Ал көптен күткен мюзикл 24 қазан күні сағат 11-де Н.Бекжанов атындағы облыстық драма театрында сахналанбақ.

Қылмыстық істер электронды форматта жүргізіледі

№2 қалалық сотта 9 айдың қорытындысына арналған баспасөз мәслихаты өтті. Сот төрағасы Айбек Әбу БАҚ өкілдеріне аталған мерзім аясындағы статистикалық есеп көрсеткіштерін баяндап, саладағы жаңалықтарды тарқата айтты.

Шынар БЕКБАН.

Аталған сот осы жылдың 9 айында 554 істі қараған. Оның 115 ісі медиация тәртібімен өткен. – Істі болғандардың 108-і әйелдер, оның 13-і кәмелет жасқа толмаған балалар болғандықтан жазасын өтеу уақыты кейінге қалдырылған. Айыппұл жазасы бойынша заңды күшіне енген айыптуа үкімдерімен салынған барлық айыппұл – 51091635 теңге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстық істерге орай 45964250 теңге айыппұл салынды, – деді А.Әбу.

Өткен жылы ҚР Қылмыстық



процестік кодексіне қылмыстық сот ісін қағаз және электронды түрде жүргізуге мүмкіндік беретін «Қылмыстық сот ісін жүргізу» бабы енгізілген. Осыған сәйкес, биыл 90 қылмыстық іс электронды түрде тіркелген. Сот төрағасының мәлімдеуінше, цифрлық формат ең алдымен адам құқығының қорғалуын күшейтеді. Мұнда барлық процесс алақандағылай көрініп тұрады. Тәжірибе

көрсеткендей, қағазбастылық азаяды. Айта кету керек, жүргізілген талауда адамдар көбіне ұрлық, алаяқтық және бөтеннің мүлкін тонау секілді қылмыстарды көп жасайтындығы анықталған. Әсіресе, алаяқтық қылмысының өткен жылмен салыстырғанда өскені қорғалуын күшейтеді. Мұнда алаяқтық бойынша 86 іс қаралса, биыл 115-ке көбейген.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҮТК «Казгеология» АҚ «Қызылорда облысындағы Қосқол учаскесінде мыс-алтын кендерін барлау жұмыстары жоспары» жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің материалдарын мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғаны жайлы хабарлайды. Жоба материалдарымен келесі мекен-жай бойынша танысуға болады: Ақтобе қаласы, Ә.Молдағұлова, 57В-68, байланыс тел.: +7 (7132) 41-40-60. Эл. пошта: geoplazma@geoplazma.kz

Кезекші редактор Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.